# Сыр бойы

№77 (20151)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

25 мамыр, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz





6 Жастар театрының жаңа қойылымы

7 Ақиқат айнымайды





8 Ерекше сұхбат


ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

МЕМЛЕКЕТТІК МӘСЕЛЕ

**Табиғи, экономикалық және өзге де себептерге байланысты Сырдария өзенінде кейінгі жылдары су тапшылығы өзекті болып тұр. Әсіресе, дарияның төменгі ағысындағы Қазақстан үшін мәселе күрделене түсті. Аталған түйткілді шешу бағытында еліміздің Үкіметі және облыс басшылығы тарапынан тиісті іс-шаралар қолға алынып отыр. Сенбі күні облыс әкімдігінде өткен су тапшылығы жағдайында егістікті сумен қамтамасыз ету мәселесіне арналған селекторлық мәжілісте бұл мәселе кеңінен талқыланды. Оған облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов қатысты.**

Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

# ӘР ТАМШЫ СУДЫҢ СҰРАУЫ СЕЗІЛДІ

Мәжіліс барысында аймақ басшысы Сырдарияның төменгі ағысында вегетациялық кезең күрделі су тапшылығы жағдайында өтіп жатқандығына тоқталды. Әсіресе, бұл өңір диқандарының күріш егу және оны суға бастыру кезеңіне сәйкес келіп, оған қатысты мәселе қиын жағдайда екендігін айтты. Қазір Сырдария өзенінің бастапқы бөлігі саналатын қырғыз жеріндегі Нарын аймағында табиғи құбылыстарға байланысты су өткен жылдан 2 млрд текше метрге аз. Ол еліміздегі «Шардара» су қоймасына жоғары бөліктен түсетін су мөлшерін азайтты.

– Биыл облыс бойынша 188,2 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарланған. Айта кетейік, мол суды қажет ететін күріш егісінің көлемі былтырғыдан 5,1 мың гектарға қысқартылып, 84,4 мың гектарға егу межеленді. Су мәселесіне байланысты күріш егу және оны суға бастыру жағдайы қиын тиіп тұр. Былтыр дәл осы кезеңмен салыстырғанда күріш егу 5,1 мың гектарға және суға бастыру 7,4 мың гектарға артта келеді. Бұл түйткілді шешу мақсатында тиісті іс-шаралар қолға алынды. Осыған байланысты Су ресурстары комитеті мен облыс әкімдігі тарапынан вегетациялық кезеңде су тапшылығының алдын алу бойынша атқарылатын бірлескен жұмыс жоспары бекітілген. Каналдар арқылы су алу режимінің кестеге сай орындалуына мониторинг жүргізіледі. Осы мақсатта жұмыс-шы тобы құрылған, – деді облыс әкімі.

3-бет

# САПАЛЫҚ БАҚЫЛАУ БОСАҢСЫМАУЫ ТИІС

Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ.

**Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қызылорда қаласындағы бірқатар нысандарды аралады. Алдымен аймақ басшысы Тасбөгет кентіндегі Бас тоған су алу нысанында болды.**

Қазіргі таңда Қызылорда қаласына тәулігіне 83 мың текше метр ауызсу 74 бірлік «Қызылжарма» жерасты ауызсу ұңғымасынан өндіріліп, тұтынушыларға таратылуда.

Мұнда «Степь», «Арай» және «Бас тоған» су алу құрылымындағы ауыз су ұңғымыларынан таза су резервуарларына жиналып, II су көтеру насос станциясынан 4 магистральды құбыр арқылы қалаға жіберіледі.

Ауызсу сапасы күнделікті кәсіпорынның базалық зертхана мамандарымен әр 30-60 минут аралығында сараптамаға алынып, қадағаланады. Қалалық орталық ауызсу жүйелеріндегі 19 нүктеден күнделікті бактериологиялық және химиялық сынамалар алынып, сараптама жасалады.

– Қазіргі уақытта қаланың бірқатар шағын аудан тұрғындарынан су сапасына қатысты сын айтылуда. Судың қысымы жоғары қабаттарда орналасқан пәтерлерге көтерілмейді деген шағымдар да бар. Осы мәселелерді шешу үшін қажетті жұмыстарды жүргізіп, қатаң бақылауға алыңыздар, – деді облыс әкімі.

Мұнан кейін облыс басшысы сол жағалауда «УАД» ЖШС құрылысын жүргізіп жатқан және Бейбарыс Сұлтан көшесіндегі көпірден шығатын жалпы қалалық маңызы бар магистральды көшелердің құрылыс жұмысын көрді.

Құрылыс жобасының құны – 3 391,8 млн теңге. 2017 жылы басталған жұмыс биыл бітеді деген жоспар бар. Көшенің жалпы ұзындығы – 8,4 шақырым.

Ал Бейбарыс Сұлтан көшесіндегі көпірден бастау алатын магистральды көше құрылысының жобасы 1 272,7 млн теңге. Ұзындығы – 2 шақырым.

Сондай-ақ, аймақ басшысы Қарауылтөбе ауылына барып, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтының тәжірибелік егін алқабында болды.

Ғылыми-зерттеу институтының жалпы жер көлемі – 8750 гектар. Бұл жерде жаздық, күздік бидай, арпа, сұлы, қант құмайы, жоңышқа егіледі.

Сонымен қатар Қарауылтөбе ауылдық округіндегі ғылыми-зерттеу институты жерінен Қызылорда қаласының тұрғындарына картоп, көкөніс және бақша дақылдарын егуге 10 гектар жер бөлінген. Осы жылғы су тапшылығына байланысты қала және ауыл тұрғындарын қолдау мақсатында су тартатын насос құрылғысы алынған.

Айту керек, егістік жер көкөніс және бақша дақылдарын егу мақсатында маусымдық кезеңге уақытша беріледі.

Облыс әкімі су тапшылығына байланысты суды аз қажет ететін дақыл түрлерін көбейтуді тапсырды.

## 25 МАМЫР

• 2006 жылы «Атасу-Алашаңқай» мұнай құбырын толтыру аяқталды.

• 2010 жылы елордадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Түркі академиясы ашылды.

• 2015 жылы Түркияның Адана қаласында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев атындағы даңғыл салтанатты түрде ашылды.

• 2018 жылы Ақмола облысының Целиноград ауданындағы «АЛЖИР» музей-мемориалдық кешені аумағында 1938-1953 жылдары тұтқында жазасын өтеген еврей ұлты әйелдерінің құрметіне мемориалды тақта қойылды.

• 2019 жылы Қазақстанда БҰҰ бітімгерлерінің Халықаралық күнін алғаш рет атап өтті.

## 26 МАМЫР

• 1995 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақ жеріндегі атом қаруының жойылғаны жөніндегі үндеуі баспасөз бетінде жарық көрді.

• 2016 жылы Жапонияның Fuji Television телекомпаниясының «Mystery All the world» («Бүкіл әлемнің құпиясы») бағдарламасы Қазақстанның Торғай даласындағы геоглифтер туралы түсірілімді бастады.

• 2017 жылы Париждегі Халықаралық эпизоотиялық бюроға қатысушы елдер Ассамблеясының 85-жалпы отырысында Қазақстан Республикасы аусылдан азат аймақ деп танылды. Парсы шығанағы, Иран және Израиль елдері аталған мәртебені негізге ала отырып, Қазақстанның бүкіл аумағына мал шаруашылығы өнімдерін экспортқа шығаруға рұқсат беру туралы келісімдерін берді.

• 2018 жылы «Тоғызқұмалақ» зияткерлік ойынының мобильді қосымшасын ойлап тапқан Ернар Шамбаев зияткерлік ойынды дамытуға қосқан үлесі үшін марапатталды. Бағдарламашы Android және Windows операциялық жүйелеріне арналған қосымшаны әзірледі.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

**Тәуелсіздіктің 30 жылдығы – халқымыздың маңдай терімен жеткен жетістіктерінің рәмізі, сонымен бірге жаңа тарихи сын. Осы уақыт ішінде халықтың еркін санасы қалыптасып, егемен елдің жаңа да жасампаз ұрпағы өсті. Әлемде мәртебелі мемлекет ретінде орнықтық. Әрине, бұл уақыт ішінде мақтануға тұратын, мемлекеттігімізді нығайтып, бүкіл әлемге паш етуге лайықты талай ауқымды істер жасалды. Соның ішінде Тәуелсіздік алғалы ғана қалыптаса бастаған, қалыптасу жолында қиындықтарды егемендікпен бірге еңсерген саланың бірі – кәсіпкерлік.**

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

# Кәсіпкерлік: Кеше мен бүгін арасы

5-бет

ЕКПЕ АЛ!

# «Сары аймақ»: Ережені ескермеудің салдары

**Дүйсенбіден бастап өңір коронавирус инфекциясының эпидемиологиялық ахуалын бағалау матрицасы бойынша «жасыл аймақтан» «сарыға» ауысты.**

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Кейінгі күндердегі көрсеткіш жағдайдың күрделене бастағанын аңғартты. Сала мамандары былтыр да күн ыстық мезгілде, әсіресе маусым, шілде айларында аурушаңдық деңгейі артқанын, биыл да сол қалыптағы динамика барын айтты. Сондықтан ережені ескермеудің салдары бір жыл бұрынғы ахуалдың қайталануына әкелуі мүмкін.

– Былтыр коронавирус инфекциясы бойынша шілде айында ең жоғары көрсеткіш – 1775 жағдай тіркелген еді. Биыл есепті кезеңдегі ең жоғары көрсеткіш сәуір айында, яғни 1540 жағдай тіркеліп отыр. Ал мамыр айының 24-не дейін 906 коронавирус жұқтыру дерегі анықталды.

2-бет

АПЫРАЙ,Ә!

# АЛТЫ ШАҚЫРЫМНЫҢ АЗАБЫ

**Шиеліге қарасты Еңбекші ауылына баратын 6 шақырым жолдың жыры таусылмай тұр. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізімен түйісетін аудандық маңыздағы жолдың сапасы қалайша сын көтермейтін жағдайға жетті?**

Иә, Еңбекші, одан әрі Қосүйеңкіге баратын жолмен жүру тым қиын. Ең басты себеп – мұнда ауыр жүк таситын көліктер қозғалысының көптігі. Қаратаудан қиыршық тас таситын ауыр жүк көліктері мен уран өндірісінің техникалары аудандық маңыздағы автожолдың әбден тозығын шығарған.

4-бет

# САУАЛДАР ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Облыстық мәслихат депутаты болып сайланғалы сайлаушылар тарапынан құттықтаулармен қоса өзекті мәселелер де жолданды. Сайлауалды бағдарламамда аудандағы аналарды қолдау, мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту орталығын ашуды назарға алған едім. Қазір осы бағытта көптеген жұмыс атқарылуда.

Аудан көлемінде елеулі еңбек етіп жүрген белсенділердің басын біріктіріп, аналар кеңесінің жұмысын қолға алдық. Аз уақыт өтсе де, кеңес әйелдерге барлық жағынан қолдау көрсетіп келеді. Түрлі басқосулар, мерекелік шараларда, еңбекші, шебер, өнерлі және жұмысшы аналардың жаңа тынысы ашылды.

Жуырда Елбасы қорынан мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту орталығын ашу жобасы бойынша «Арал Ару-Ана» қоғамдық қоры арқылы қаржылық грант ұтып алдым. Жоспар бойынша шілде айында орталық өз жұмысын бастайтын болады. Бұған қоса, ауданнан алғаш болып инклюзивтік бөбекжай балабақша салуды ойластырудамын. Қазір құрылыс жұмысының құжаттары рәсімделуде. Ауданда балалар ойын алаңы көптеп салынса екен деймін. Оның да оң шешімін табу жолдарын қарастырып жатырмын.

Тұрғындар тарапынан жолданған сауалдарды жауапсыз қалдырмауға тырысамын. Әсіресе жас кәсіпкерлердің мәселесіне жіті назар аударып отырмын. Қазір жастардың болашаққа бетбұрысы ұнайды. Олардың ойы жүйрік, қиялы ұшқыр. Түрлі кәсіп ашқысы келеді. Бірақ оған кейбір мүмкіндіктер жетіспей жатыр. Жас кәсіпкерлермен кездесуде айтылған сауалдар мен түйткілді мәселені депутаттық сауал ретінде аудан, облыс әкімдеріне және министрлікке жолдадым.

Бұдан бөлек, аудан халық үшін аса қажетті автодром салу мәселесін де үнемі көтеріп келемін. Ауылдағы жұмыссыз әйелдерді қолдау мақсатында Алматы қаласынан арнайы мамандар шақыртып, киізден ұлттық, табиғи, таза өнімдер әзірлеу тұрғысында семинар-тренинг өткізуді мамыр айына жоспарлаған едік. Бірақ елдегі ахауалға байланысты бұл кейінге шегеріліп отыр.

Әрине, барлық мәселені бірден шешу мүмкін емес. Барлығы өз уақытымен, зерделеу арқылы келетіні белгілі. Өзіме жүктелген міндетті сезіне отырып, халық мүддесі жолында әлі талай жұмыстарға үлес қосамын.

**Лаура ИБРАИМОВА,**
**облыстық мәслихат депутаты**

# «Сары аймақ»: Ережені ескермеудің салдары

Әлі де аурудың басылатыны байқалмайды. Бізді алаңдатып отырғаны індеттің мектеп оқушылары, мұғалімдер арасында да тіркелуі. Алда оқу жылын қорытындылау шаралары бар. Сондықтан балалар мен жасөспірімдер көп шоғырланатын іс-шараларды тоқтату қажет, – деді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова.

Тұрғындар арасында вирус жұқтырып, бірақ отбасындағы адам санын толық көрсетпейтін, өзі байланыста болған адамдарды жасырушылар да кездеседі. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов бұл жайбарақат жүретін кез емес, жақындарға жанашырлық танытатын уақыт екенін айтты.

– Коронавирус инфекциясымен науқастанғаны белгілі болып, бірақ ол туралы емханасына немесе дәрігерге хабарламай, үйден өздігінен ем қабылдағандар қатарынан COVID-19 көп анықталып жатқанын айтқым келеді. Сол себепті барша тұрғындардан ауру белгісі байқалған сәттен дәрігерге қаралып, дер кезінде ем бастауды сұраймын! – деді ол.

Айта кету керек, бүгінде екпенің оң нәтижесі байқалып келеді. Екпе егумен қамтылғандар арасында аурушаңдық бірнеше есеге азайған. Мұны медицина қызметкерлері арасында былтыр тіркелген аурушаңдық көрсеткішімен салыстырып байқауға болады.

«Сары аймаққа» өткендіктен карантин талабы күрделене ме?» деген сұрақтың болуы орынды. ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулысына сәйкес «жасыл аймақтан» «сары аймаққа» ауысқан жағдайда карантин шараларын күшейту бес күннен ерте жүргізілмейді.

1-бет

БРИФИНГ

# Суға түсудің тәртібі бар

**Суға түсу маусымы басталысымен төтеншеліктердің де жұмысы қыза түседі. Соңғы жылдары облыстың су айдындарында, әсіресе, Сырдария өзенінде азаматтардың түрлі себептермен қайғылы жағдайларға ұшырауы жиі кездесуде. Мысалы, өткен жылы республика бойынша 317 адам тілсіз жаудың құрбаны болған. Суға кету оқиғасының 39-ы біздің облыс аумағында тіркелген. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы, майор Асхат Тоғызбаев сақтық шаралары туралы айтып берді.**

– Департамент қызметкерлері облыс аумағынан өтетін Сырдария өзені жағалауы және қала, аудан аумағында орналасқан су айдындарында тұрғындарға, әсіресе жастар мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жауапты сала мамандарын тарта отырып әр жұма, сенбі және жексенбі күндері бекітілген кестеге сәйкес рейдтік іс-шаралар ұйымдастыруда, – деді ол.

Былтыр біздің құтқарушылар суға батып бара жатқан 4 адамды құтқарды. Оның екеуі – бала. Айта кетейік, судағы 33 төтенше жағдайдың 6-уы балық аулау кезінде туындаған. Салдарынан 10 адам қаза болған. Ал жыл басынан 11 адам (оның 6-ы бала) суға кетіп, қаза болған. 1-24 мамыр күндері аралығында облыс су айдындарында 4 оқиға болды, 1 төтенше жағдай тіркелді.

Ақпарат ретінде айтсақ, 7 мамырда Сырдария ауданы, Амангелді ауылындағы «Жетікөлжарма» каналына шомылу кезінде 12 жастағы бала суға батып кетті. Ал, Шиелі ауданы, Бәйгеқұм ауылында 1997 жылы туған жігіт катамараннан суға құлап кетіп, қаза болды. Жаңақорған ауданы, Қандөз ауылдық округінде 3 жасар сәби аулада ата-анасының қарауынсыз қалып, суармалы арыққа құлап, мерт болған.

Оқыс оқиғалардың негізгі себебі – қауіпсіздік ережелерінің өрескел бұзылуы. Өзеннің ағысы жылдам, терең, тік жар жеріне суға түсуге болмайды. Сондай-ақ, спирттік ішімдік ішіп суға түсетіндер қатары да сиремей отыр. Балалардың ересектер бақылауынсыз су жағасына баруы, суға түсуі, жүзе білмейтіні қайғылы оқиғаларға әкеліп соқтыруда. Қауіпті аймақтарда азаматтардың рұқсат етілмеген жүзу құралдарын қолдануы бақытсыз жағдайлар санын көбейтіп отыр.

Ұжымдар мен жастардың жаз айларында демалысты өзен-көлдер жағасында ұйымдастыруы соңғы жылдары үрдіске енді. Өкініштісі, осындай демалыстардың кейбірі бақытсыздықпен аяқталып жатады.

Облыста өзен және көлдерге суға шомылуға 1 маусымнан бастап рұқсат етіледі. Қазір арнайы орындар дайындалып жатыр. Шомылу маусымы кезеңінде департаменттің жедел-құтқару жасағының күштері (54 сүңгуір маман) мен құралдары (18 бірлік техника, ілмелі мотор – 16 дана, 29 жүзу құралы: катер – 5 бірлік, темір қайық – 6 бірлік, пластикалық қайық – 2 бірлік, үрлемелі қайық - 16 бірлік) әзірлікке келтірілген.

**«СБ» ақпарат**

«ASHYQ»

# 94 НЫСАН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАҒА ҚОСЫЛДЫ

**Өткен жылы пандемияға байланысты кәсіпкерлердің бизнесі тоқтап, біраз адам жұмыссыз қалған болатын. Осыған орай, биыл республика бойынша «Ashyq» мобильді қосымшасы іске қосылды. Жоба күн өткен сайын қажеттілігін көрсетуде.**

– Облыс бойынша «Ashyq» мобильді қосымшасына қосылатын 510 нысан анықталды. Бүгінде 94-і іске қосылған. Оның 84-і Қызылорда қаласында, 3-і Шиелі ауданында, 2-і Қазалы ауданында, 1-і Арал ауданында, 1-і Қармақшы ауданында және 3-і Жалағаш ауданында, – деді облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Пірмұхаммед Сыздықов.

Соңғы аптада «Ashyq» қосымшасында екі рет ақау шықты. Оның басты себебі – вакцина салдырғандар тізімінің қайта толықтырылуы. Бағдарламаның кедергісіз жұмыс жасауы үшін «kaspi bank», «Halyk bank» және «egov» қосымшаларының ішіне қосу жұмыстары жүргізілуде.

**Биыл 25 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізілуде. Бұған қоса, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында көпқабатты тұрғын үйлер салынуда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов айтып берді.**

# Құрылыс алаңдарында жұмыс қызды

25 әлеуметтік нысанның 21-і өткен 2020 жылдан өтпелі, қалған 4-і – жаңа нысан.

– Нақты кезеңде осы жылға бөлінген 8,4 млрд теңгенің 924 млн теңгесі игерілді. Бүгінгі күнге дейін 2 нысанның құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Олар – Шиелі аудандық тарихи-өлкетану ғимаратына қосымша құрылыс пен Қызылорда қаласындағы ОІД-нің әскери және арнайы дайындығы бойынша оқу жаттығу полигоны құрылысы. Жыл аяғына дейін тағы да 17 нысанның құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. Ал қалған 6 нысан келесі 2022 жылы қолданысқа беріледі, – деді А.Нұрмағанбетов.

Қазір жобалау жұмыстары бойынша 16 нысанның жоба-сметалық құжаттамалары әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың қарауына ұсынылған. Бірінші жартыжылдықта 5 нысан сараптамасының оң қорытындысы алынады деп күтілуде.

Бұдан бөлек, 2021-2022 жылға облыс бойынша барлығы 19 нысанның сметалық құжаттарын әзірлеп, мемлекеттік сараптамадан өткізуге облыстық бюджеттен қаржы бөлінген. Олардың 8-і дәрігерлік амбулатория, 3-і медициналық бекет, 3-і мәдениет, 4-і спорт нысаны, 1-і әкімшілік ғимарат. Қазір жобалау жұмыстарына мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізілуде.

Сондай-ақ, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысына барлығы 9,3 млрд теңге бөлінді. Жалпы, облыста 2158 пәтерлік 105 тұрғын үйдің құрылысын жүргізу жоспарланып отыр. Жыл соңына дейін 61 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілмек.

# ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМНІҢ ЖҰМЫСЫ ҚАУЫРТ

**Науқастанған адам үшін алғашқы медициналық көмектің маңызы зор. Мұндайда «жедел жәрдем» қызметіне жүгінеміз. Жай күндердің өзінде қызметі қауырт бұл орталықтың пандемия кезінде міндеті еселеніп, жүктемесі ауырлай түскені анық.**

**№3 қалалық емханадағы «Жедел жәрдем» бөлімі мамандары да уақытпен санаспай жұмыс істеуде.**

**Айнұр БАТТАЛОВА,**
**«Сыр бойы»**

Тұрғындарға дер кезінде медициналық көмек көрсетуді мақсат ететін бұл бөлімде қазір 24 фельдшер, 4 диспетчер, 1 аға фельдшер, 1 дәрігер, 6 жүргізуші жұмыс істейді.

Айта кету керек, фельдшер мамандар «Шұғыл жедел жәрдем фельдшерінің жұмысы», «Кеңейтілген өкпе-жүрек реанимациясы» бойынша арнайы оқытылған.

– Тәулік бойы жедел жәрдем бөлімінде 3 жинақталған бригада екі ауысыммен халыққа қызмет етуде. Бригаданың барлығы дәрі-дәрмекпен, ЭКГ аппаратымен, пульсоксиметр, глюкометр, оттегі, дефибрилятор және басқа да қажетті құралдармен қамтамасыз етілген, – дейді аға фельдшер Фариза Атажанова.

Жыл басынан бері 4 айда жедел жәрдем бөлімі барлығы 6207 шақырту қабылдаған. Оның ішінде созылмалы аурулармен шақырту саны 1186-ны құраса, 684 шақырту дене қызуының көтерілуімен байланысты болды. 6207 шақыртудың 759-ы ауруханаға тасымалданып, 163-і ауруханаға жатқызылған.

Айта кету керек, №3 қалалық емхана – облыс орталығындағы ірі алдын алу және емдеу мекемесінің бірі. 64 мыңға жуық тұрғынға медициналық қызмет көрсететін ұйымның жұмыс ауқымы да кең.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, пандемия кезі – жедел жәрдем бригадалары үшін ең қиын кезең. Өйткені қауіпті аймақта ең бірінші болып солар жүр. Жедел жәрдем мамандары қай кезде де қауіп пен қатердің арасында, жағдаймен бірінші бетпе-бет кездесетіні белгілі. Қазіргі кезде де солай, жұқпалы ауру жұқтырған науқасқа көмектесу арқылы өз денсаулығына да қауіп төндіреді.

– Былтыр жаз айларында ауру өршіп, шақыртулар еселеп артты. Вирустың ауыр түрімен ауырып жатқандар көп болды. Біздің мамандарымыздың денсаулығына да едәуір қауіп төнді. Жұмыс барысында науқастанып қалғандар да кездесті. Мәселен, маусым, шілде, тамыз айларында барлығы 6665 шақырту, бір тәулікте 150, 170, 180 шақыртуға дейін түсетін. Біздің бөлім тек күндіз ғана емес, сонымен бірге түн мезгілінде де шақыртуларға барады. Қазір жағдай әлдеқайда жақсы. Бүгінде тәулігіне 70-80 шақырту түседі. Оған да қуанамыз, – дейді аға фельдшер.

Олар тұрғындардан сақтық шарасына мұқият болуды сұрайды.

– Қазір қайтадан «сары аймаққа» өттік. Қанша уақыт бойы эпидахуал күрделі болып тұрды. Осы орайда тұрғындарды сақтық шараларын ұстануға, вакцина алуға шақырамын. Өйткені қауіп әлі сейілген жоқ. Жақындарымызға, айналамызға жанашыр болайық, – дейді Фариза Атажанова.

## Аудан жаңалықтары

### Олжалы оқушылар

**Арал. Аудан әкімі М.Оразбаев оқу жылының қорытындысы бойынша жалпы білім беретін пәндерден халықаралық, республикалық олимпиада жүлдегерін марапаттады.**

Үздіктер қатарында №220 орта мектеп оқушысы Д.Аманбайқызы, №83 орта мектеп оқушысы М.Мейірімханқызы, №262 мектеп-гимназия оқушысы С.Еркінұлы, №14 мектеп-лицей оқушысы Н.Еңсепбайқызы бар.

### «Көңілді weekend»

**Қазалы. «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы, «Jas Otan» жастар қанатының аудандық бөлімшесі «Көңілді weekend» атты тазалық акциясын ұйымдастырды.**

Акция шарты бойынша он адамнан құрылған командалар Әйтеке би кентіндегі өздеріне бекітілген аумақты тазартты. Тапсырманы белгілі бір уақытта орындап үлгерген жастар командасы жеңімпаз атанды.

### Жеке қабылдау

**Қармақшы. Аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Б.Жарқынбаев «Nur Otan» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде жеке қабылдау өткізді.**

Онда кент тұрғындарының жасөспірімдер қауіпсіздігі туралы сұрақтарын тыңдады. Бірқатар мәселеге көңіл бөліп, олар бойынша заң аясында жауап берді.

### Өнер өкілдеріне құрмет

**Жалағаш. Аудан әкімі А.Шәменов кәсіби мерекесінде мәдениет және өнер саласының қызметкерлерін марапаттады.**

Үздіктер салалық кәсіподақтың «Еңбек даңқы» төсбелгісін, мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлері кәсіподағының, облыс, аудан әкімдерінің алғыс хаттарын иеленді. Тағы бір топ өнер өкіліне «Жаңақорған» шипажайына, 10 ынталы жасқа туристік саяхатқа жолдама берілді.

### Жас түлектің жетістігі

**Сырдария. № 44 орта мектеп түлегі А.Жалғас ҰБТ-дан 137 балл жинады.**

«Алтын белгі» үміткері осылайша аудан абыройын асқақтатты. Жас түлек бұдан дейінгі дайындықтарда тек жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп келді. Арманы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болу.

### Патриоттық акция

**Шиелі. Аудандық ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығы мен облыстық жастар одақтары қоғамдық бірлестігі Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай патриоттық жастар акциясын өткізді.**

Шара барысында кент орталығына санитарлық-тазалық жұмысы жүргізіліп, көшет егілді. Белсенді жастар алғыс хаттарымен марапатталды.

### Спорттық сайыс

**Жаңақорған. «Қызылорда облысының жастар одақтары» қоғамдық бірлестігі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің қолдауымен воркаут пен стритбол сайысын ұйымдастырды.**

Жеңімпаз командалар, жарысқа жекелей қатысушылар дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

### Жаңа жоба

**Қызылорда. Қала әкімі Ғ.Қазантаев «Қызылорда су жүйесі» мекемесінің жаңа жобасымен танысты.**

Мекеме дәстүрлі түрдегі тексерістен инновациялық тәсілге бет бұруды көздеп отыр. Жоба жұмыс жүктемесін азайтуға, тұрғындардың электронды төлем тәсілін қолдану арқылы уақыт үнемдеуіне көмектеседі. Шаһар басшысы мұны әзірге сынақ есебінде байқап көруді тапсырды.

МЕМЛЕКЕТТІК МӘСЕЛЕ

# ӘР ТАМШЫ СУДЫҢ СҰРАУЫ СЕЗІЛДІ

Келесі кезекте сөз алған Серік Қожаниязов еліміздегі бірқатар өңірлерде су ресурстарына байланысты проблема кездесіп отырғанын алға тартты. Олардың арасында Сырдария өзеніне байланысты ахуалы күрделі. Ел Үкіметі тарапынан тиісті іс-шаралар жасалуда. Қырғызстан жеріндегі «Тоқтағұл» су қоймасы негізінен энергетикалық режимде жұмыс істейді. Сондықтан бұл бағытта көршілес мемлекеттер тарапынан оларды электр энергиясымен қамтамасыз етуде нақты шаралар жасалуда. Халықаралық келісім-шарт қолға алынған. Қазақстан мен Өзбекстан су мәселесіне байланысты тауар алмасу ретінде алдын ала электр энергиясын жөнелтуге көңіл бөлді. Еліміз мамырдың соңына дейін Қырғызстанға 370 млн, Өзбекстан 250 млн киловатт сағат электр энергиясын беруді жоспарлап отыр. Оны қырғыздар тамыз айында қайтарады. Есесіне су аса қажет болатын жаз айларында төменгі бөлікке 370 млн текше метр су жібереді.

– Сырдария өзенінің бастапқы бөлігінде «Тоқтағұл» су қоймасы орналасқан. Дарияның деңгейі соған тікелей тәуелді. Онда негізінен жылына 15 млрд текше метр су жинауға мүмкіндік бар. Алайда, биыл «Тоқтағұлда» бар-жоғы 7-8 млрд текше метр су бар. Оған Тянь-Шань тауларындағы мұздықтардың аз болуы кері әсерін тигізген. Бұл Қырғызстаннан бастап Өзбекстан, Тәжікстан, Қазақстан мемлекеттеріне қиындық келтірді. Айта кетсек, Қырғызстанда суармалы жер аз екенін бәріміз білеміз. Алайда, онда өз елінің жағдайына байланысты электр энергиясын өндіру жолға қойылған. Рас, қырғыздарға да биылғы су тапшылығы бірқатар кедергісін жасады. Электр энергиясын өндіру жеткілікті деңгейде орындала қоймауы мүмкін. Дегенмен, электр қуатымен айырбас негізінде қажетті суды алуды көздеп отырмыз, – деді С.Қожаниязов.

Білуімізше, тәжік жеріндегі «Қайраққұм» су қоймасы жөндеуді қажет етеді. Оған Қазақстан мен Өзбекстан қол ұшын созуды көздеп отыр. Тәжікстан 2008 жылға дейін су ағынын реттеуде Қазақстан және Өзбекстанмен бірлесіп жұмыс істеп келген еді. Екі ел оларға Сырдария суын жинауда тиісті көмек көрсеткен. Тәжікстанның Соғды және Өзбекстанның Ферғана облыстарының аумағында 1950 жылдары іске қосылған «Қайраққұм» – тәжік жеріндегі ең ірі су қоймасы. Ол Сырдария өзенінің ағысын реттеу үшін салынған. Оның құрамына су бөгетінен өзге су электрстанциясы кіреді.

Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының басшысы Сейілбек Нұрымбетовтің айтуынша, қазіргі уақытта «Шардараға» жоғары бөліктен секундына 90 текше метр су келіп жатыр. Өткен жылы дәл осы кезеңде ол секундына 415 текше метрді құраған. Оның үстіне қазір «Шардара» су қоймасында 4,3 млрд текше метр су бар. Былтырғыдан 500 млн текше метрге аз. Ал «Көксарай» су реттегішінде 1,2 млн текше метр су жиналған. Сәуір айының екінші он күндігінде еліміздің аумағында орналасқан аталған екі су қоймасында 7 млрд текше метрге жуық су бар еді. Вегетациялық кезеңде Қызылорда облысына 4,1 млрд текше метр су белгіленген. Бүгінгі күндері облыс аумағына 555 текше метр су келіп жатыр. Ал өңірде каналдар мен егіске 440 текше метр су алынуда. Егілген күріштің 67%-і суға бастырылған. Жыл басынан бері қазіргі күнге дейін каналдар арқылы тұрақты суаруға 719 млн текше метр су алынса, экологиялық жағдайды жақсартуға 475 млн текше метр су пайдаланылған.

Қазір Қызылорда қаласы мен әрбір аудан бойынша егілетін күріш дақылының ротациясын сақтау бақылауға алынды. Осы мақсатта аудан әкімдері және шаруашылық басшыларымен ақылдаса отырып, арнайы кесте жасалып отыр. Онда магистральды және шаруашылықаралық каналдарды кезектестіріп су беру ойластырылған.

– Шаруашылық құрылымдары ішкі каналдар мен қашыртқы жүйесін тазартуға бақылау жасайды. Сондай-ақ, су беру кезеңінде оны үнемді пайдалану мақсатында қашыртқыларға артық су жібермеуге қадағалау жүргізіледі. Оған қоса елді мекендерді аяқсумен қамтамасыз ету жағдайын жақсартуға мән беріліп отыр. Осы бағытта облыстық бюджеттен ұзындығы 45 шақырым болатын 8 каналды реттеуге қаржы бөлінген. Облыстық бюджеттен елді мекендерге 43 дана насос қондырғысын сатып алу белгіленген, – деді «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда филиалының директоры Хамит Биімбетов.

Биыл өңірде ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыруға баса назар аударылып отыр.

– Суды үнемді пайдалану үшін биыл күріштің тиімді сорттарын егуге көңіл бөлінді. Біз диқандарға жергілікті селекцияның ерте мерзімде пісетін сорттарын орналастыруды ұсынған едік. Қазір күрішті егу жұмыстары жалғасуда. Басқарма тарапынан егін шаруашылығын әртараптандыру ісіне қолдау көрсетілді. Өткен жылмен салыстырғанда күріш көлемі 5,1 мың гектарға қысқартылды. Оның орнына суды аз қажет ететін дақылдарға басымдылық берілді. Осы бағытта су үнемдеу технологиясына көңіл бөлініп, жемшөптік дақылдармен қатар азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін майлы және картоп, көкөніс, бақша дақылдарының егісін ұлғайту қолға алынды, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Айнұр Тілеулеева.

Жиын соңында шаруашылық басшылары пікірлерін айтты. Аймақ басшысы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінен вегетациялық кезеңде жоғарыдан «Шардара» су қоймасына 2,7 млрд текше метр су түсуін қамтамасыз ету жөнінде ұсыныс білдірді.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов облыс әкімдігіндегі мәжілістен кейін өңірлік коммуникациялар қызметінде журналистерге арнап брифинг өткізді.

Сырдариядағы су тапшылығын тек Қазақстан ғана емес, жоғарыдағы Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан елдері де көріп отыр. Осыған орай үкіметаралық келісімдер мен бағдарламалар жасалуда. Еліміз тарапынан Қырғызстанға электр қуатын бөлуге назар аударылуда. Оған қоса Тәжікстан мемлекетімен де тиімді келіссөздер жүргізілуде. Оларға қажетті техника және жанар-жағармай беріп, тиісінше маусым, шілде айларында Сырдария өзенімен қосымша 300-400 млн текше метр су алу мүмкіндігі туындамақ.

– Сырдариядағы ортақ суды бөлісу үшін 4 мемлекетпен комиссия бекітілген. Арнайы ведомство жылына 2 рет кездесу өткізеді. Ол жерде қай мемлекет қанша мөлшерде су алатындығы жөніндегі болжамдар кеңінен талқыланады. Өзендегі судың бөлінісін бақылайтын «Сырдария» бассейндік су шаруашылығы ұйымы бар. Өзбекстанда орналасқан мекемеге біздің елден 2 қызметкерді өкіл ретінде жібердік. Мақсатымыз – әрбір тамшы судың реттелуін бақылау. Айта кетейік, судан тек біздің ел емес жоғарыдағы мемлекеттер де зардап шегуде. Экологияға да, егінге де зиян тимеу үшін өзен суының қалыптылығын сақтау мақсатында үкімет деңгейінде жан-жақты шаралар қабылдануда, – деді Серік Салауатұлы.

1-бет

# СӨЗДЕН ІСКЕ КӨШЕТІН УАҚЫТ ЖЕТТІ

**Облыс әкімдігіндегі жиыннан кейін ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов “Достық үйінің” мәжіліс залында ауыл шаруашылығы, су шаруашылығы саласы ардагерлерімен, қоғам белсенділерімен кездесіп, кеңес өткізді.**

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Кездесу басында С.Қожаниязов, облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов, Арал-Сырдария бассейндік инспекцияның басшысы бүгінгі Сырдария өзені бассейніндегі ахуалдан хабар етті. Кеңеске қатысушылар өңіріміздегі су тапшылығына қатысты проблемаларды талқылады. Мұнан кейін пікірлесу басталды. Диқандарды мазалаған келешекке қатысты ойлар ортаға салынды.

Алғаш сөз алған мемлекет және қоғам қайраткері Нәжмадин Мұсабаев 1993 жылы Орта Азиядағы бес мемлекет басшысы Қызылорда қаласында Арал проблемасына қатысты халықаралық конференцияда бас қосып, соның нәтижесінде көптеген мәселе шешімін тапқанын жеткізді. “САРАТС-1” жобасы қабылданып, оның жүзеге асуымен Кіші Арал теңізі пайда болды. Әлем назары Аралға бұрылып, халықаралық банктен жобаға қаржы бөлінді. Одан бері көп уақыт өтті, біраз нәрсе өзгерді. Тәжікстаннан басқа елдерді жаңа президенттер басқарып отыр. Енді осы бес мемлекеттің басшысын Қызылордаға шақырып, нақты жағдаймен таныстырып, көздерін жеткізбесе, айтылған нәрселер сөз күйінде қала береді. Алғашқы кездесуден кейін, Кіші Арал дүниеге келді, Көксарай салынды, бұрынғы келісім бойынша беріліп келген су көлемі оларды толтыруға жетпейді. Жаңа басшылар жаңаша ойлайды, сондықтан Қазақстанға бөлінетін су көлемін ұлғайтуға келісімін алу керек деген ұсынысын жеткізді.

Облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Ерұлан Өмірсеріков күріш егумен айналысып жатқан ірі шаруашылықтардың су жүйелерін тазалап, су үнемдейтін технологиялар енгізуге қаржылай қолдау көрсету тетіктерін ойластыру қажеттігін жеткізсе, облыстық мәслихат депутаты Қылышбай Бисенов “Агрофинанс” және басқа да агрокредиттік ұйымдар алдындағы несиелік қарыздарды қайтару мерзімін ұзарту, несиелік жеңілдіктер жасау жөнінде ұсыныс білдірді.

Су шаруашылығының ардагері Мырзахмет Толыбаев өз кезегінде кешегі кеңестік кезеңде бір ғана Қазалы ауданы Ресейге, Прибалтика республикаларына жыл сайын 4 мың тонна қауын жөнелтіп тұрғанын еске салды. Ал қауын-қарбыз суды күріштен 4-5 есе аз қажет етеді. Былтыр жаңақорғандықтар 2 мың тонна қарбыз шығарды сыртқа. Осы бағыттағы жұмысты жандандырған дұрыс деген ойын жеткізді.

Осы орайда эколог-жазушы Сайлаубай Жұбатырұлы “Қауын біздің брендіміз” дей отырып, бізде “күріштікті қысқартсақ аштан өлеміз” деген түсінік қалыптасқанына қынжылыс білдірді.

– Кешегі қылышынан қан тамған кеңестік кезеңнің өзінде де күріш егістігін 60 мың гектардан асырған жоқ, Сыр елінің экономикалық-әлеуметтік-экологиялық жағдайын көтеру үшін күріштікке байланған психологиядан арылған жөн. Қазақстан күрішінің 90%-ін біз беріп отырмыз деп егістік көлемін 90 мың гектарға жақындаттық. Қазіргі ірі шаруашылықтар күріш егуді жалғастыра берсін. Ал майда шаруашылықтар басқа дақылдарға көшкені дұрыс. Мен Іле өзенінің бойын көп араладым. Ол жақта да кешегі қоғам кезінде күрішті аз еккен жоқ. Бірақ олар дер кезінде тоқтау салып, күріш егістігін барынша азайтып, экологиялық мәселеге назар аударды. Қазір сол жақты көрсең, өмір сүргің келеді сонда. Іле-Балқаш табиғи резерватын жасаған. Балық та сонда, аң да сонда. Келешек Тұран жолбарысын қайта қалпына келтіреміз деп отыр. Біз кімнен кембіз? Біз де сілкінуіміз қажет. Сыр елінің бұрынғы салтанатына, мақтан ететін жағдайға жеткізуге тиіспіз, – деді жазушы.

Қамбаш көлдер жүйесінің қазіргі қиын жайын баяндаған облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Болат Нұрқожаев осы көлдер жүйесін су тапшылығы кезеңінде сақтауға арналған Аманөткелдегі Бұрмақұлақ су құрылғысы жобасын тездетіп жүзеге асыру қажет деді. Сонымен бірге облыста ішкі су мәселесін реттейтін тұрақты комиссия құру туралы ұсыныс берді.

Су шаруашылығы саласының ардагері Бегеш Жақып Түркістан облысы диқандарының су үнемдеу жағынан бізден біраз алға озып кеткенін айтты. Олардың әрбір үйдің жанындағы жылыжайдан өнім алып отырған жайы бар. Сондықтан біздің шаруашылықтар көршілерден үйренгені жөн. Бұл пікірді сала ардагері Серікбай Сағымбаев та қуаттады. Су үнемдеуге барынша байыпты түрде кірісу керек.

Облыстық мәслихат депутаты Серікбай Өмірзақов біздің күріш алқаптарында “Лидер” сортының әлі де көп үлеске ие екеніне назар аударды. Ал бұл ең ұзақ пісетін, соған сәйкес суда ең көп тұратын сорт болып табылады. Ендігі кезекте суды аз қажет ететін «Янтарь» және өзімізде жаңадан енгізіліп жатқан “Сыр сұлуы” сортына басымдық берген дұрыс деген ғалым шаруашылықтардың жерді өте дәлдікпен тегістейтін заманауи техникалар пайдалануы қажеттігін де орынды көтерді.

Сонымен бірге ол су шаруашылығы саласында білікті мамандар қалмай бара жатқанына алаңдаушылық білдірді. Маман даярлауда өңірлік университеттерге арнайы мемлекеттік гранттар бөлуді қарастырған дұрыс. Кездесуде сондай-ақ су шаруашылығының аға буын өкілдері Сұлтанбек Тәуіпбаев, Айтбай Көшербай, Дәулетияр Баялимов өз ойларын ортаға салды.

Жиын қорытындысында өңіріміздегі су қоймаларына қатысты күдікті сейілтетін дәлелдемелер айтылды. Облыс әкімінің орынбасары Б.Жаханов облыстағы бірдебір су қоймасы үшін дарияны бөгеп су алынбайтынын айтты. Олар тек судың мол кезінде артығын жинап, оны кейін қайта пайдалану үшін жұмыс істейтінін назарға салды.

С.Қожаниязов Қазақстан үшін бөлініп келген 12 млрд текше метр су көлемі үлесінде экологиялық суландыру жағы, Кіші Арал мен Көксарай үлесі ескерілгенін және бір қаперге салды. Ал шаруалардың “Агрофинанс” алдындағы міндеттемелерінің мерзімін ұзарту, жеңілдіктер жасау туралы облыс әкімдігі Үкіметке ұсыныс беріп жатса, барынша қолдау жасалатынына сендірді. Кеңеске қатысушылар айтқан кейбір ұсыныстарды министрлікке жеткізбей жергілікті жерде шешуге болатынын да айтып өтті.

Кадрлар дайындау мәселесінде сала мамандарының айлық табыстарының өте аз екендігі және комитет, Казводхоз, бассейндік инспекциялар деңгейінде де білікті мамандар қалыптастырудың проблемасы бар екені кеңесте айтылмай қалған жоқ. Бұл ретте Білім және ғылым министрлігіне ұсыныс берілгендігін жеткізіп, алғашқы кезекте жоғары оқу орындарында қажетті мамандарды дайындайтын оқытушылар мен ұстаздардың өзінің білімін жетілдіріп алу мәселесін шешіп алған жөн деді.

Облыста ішкі су мәселесін реттейтін тұрақты су комиссиясын құру туралы ұсынысқа қатысты облыстағы бассейндік комиссия жұмыс істейтіндігі ескертілді.

Тіршілік нәрінің биыл аз болуының ең негізгі себебі табиғи құбылыс екенін айтқан вице-министр министрлік Сыр еліне су жеткізу үшін қолдан келгенінің барлығын жасайтынын мәлімдеді. Ал келіп жатқан суды тиімді пайдалану – ол енді уақыттың өткір талабы.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

**Ерлан Құлахметұлы Бердібаев 1963 жылы Жаңақорған ауданында туған. 1984 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын экономист-бухгалтер мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Жаңақорған аудандық қаржы бөлімінің мемлекеттік кірістер инспекторы болып бастады. Аудандық әкімшіліктің экономика бөлімінің басшысы, қаржы бақылау комитетінің аға бақылаушысы, облыстық қаржы бақылау комитетінің аға бақылаушысы болды. Салық полициясы қызметінде бірқатар лауазымды жұмыстар атқарды.**

**2010-2020 жылдары «Болашақ-Шиелі» оқу орталығының директоры, Қызылорда қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы, облыстық сәулет-құрылыс бақылау басқармасының бөлім басшысы, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарды. 2020 жылдан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің облыс бойынша департамент басшысы қызметін атқарып келеді. Бірқатар мемлекеттік марапаттар иегері.**

**Газет тілшісімен сыр-сұхбат мемлекет мүлкін жекешелендірудің өзекті мәселелеріне арналады.**

## Ерлан БЕРДІБАЕВ:

# «МЕМЛЕКЕТ МҮЛКІН БАСҚАРУ ТӘСІЛІ ЖЕТІЛДІРІЛЕ БЕРЕДІ»

***– Ерлан Құлахметұлы, қазір еліміз жекешелендірудің шешуші кезеңіне қадам басты. Оның бүгінгі барысы туралы не айтасыз?***

– Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің негізгі міндеттерінің бірі – облыс аумағындағы республикалық меншік объектілерін басқару, жекешелендіру және оған бақылау жүргізу.

Департамент мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген нысандарды пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында уақытша бос тұрған тұрғын үй емес жайларға екінші бір мемлекеттік заңды тұлғаларды орналастыру, мүліктерді жалға беру және мемлекеттік заңды тұлғалардың мүліктерін және мемлекет пайдасына айналдырылған мүліктерді жекешелендіру бағытында тиімді жұмыстар жүргізіп келеді.

Қазіргі уақытта облыс аймағында 111 республикалық мемлекеттік меншік субъектісі бар. Алдымен мүлікті теңестіру мүмкіндігіне жол беретін, мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру бойынша жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жасалып жатқан жұмыстарды атап өткім келеді. 2020 жылы департамент облыстық қаржы басқармасымен бірлесе отырып, коммуналдық меншіктен республикалық меншікке мүліктерді беру бойынша 22 алыс-беріс актісі, ал республикалық меншіктен коммуналдық меншікке 33 алыс-беріс актілерін бекітті. Ал, ағымдағы жылдың 3 айында 25 алыс-беріс актісі бекітілді.

Сонымен қатар, бюджеттік қаражатты үнемдеу мақсатында артық немесе пайдаланбай бос тұрған нысандар жеке тұлғаларға ұсынылды. Бұл орайда мемлекеттік мүлікті сатудың, сенімгерлік басқаруға немесе жалға берудің ашықтығы сақталды. Яғни, мемлекеттік мүлік тізімі веб-порталында www.gosreestr.kz барлық керекті ақпарат бар. Сонымен қатар, барлық азаматтар үшін тендерге, сауда-саттыққа қатысуға мүмкіндіктер қарастырылған.

Жалға беру, тендерді өткізу электрондық форматта ұйымдастырылуына байланысты қатысушының географиялық орналасқан жеріне қарамастан, сауда-саттыққа қатысу үшін жағдай жасалған. Ол ашықтық пен жариялықты қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, уақытты үнемдейді, пайдаланушыларға қолайлы жағдай жасайды және адами фактордың ықпал етуін толығымен болдырмайды.

Бірыңғай сауда алаңы тек қана қатысушыға емес, барлық тілек білдірушілерге қолжетімді және одан жекешелендіру нысанының сипаттамасын, бағасын, сауда-саттықтың қорытындысын көруге болады.

Департаменттің қызметінде нысандарды жалға беру бойынша жұмыс ерекше бақылауда тұр. 2020 жылы жалға беру бойынша 78 келісім шарт жасалып, 2,622 мың шаршы метр алаң жалға берілді. Осы жалға беруден республикалық бюджетке түскені 49,5 млн теңге, өсімпұл 58,6 мың теңгені құрады. Ақшалай қаражаттың түсуінің көбею тенденциясы жылдан жылға сақталып отыр. 2021 жылдың 1 сәуіріне мемлекеттік мүліктің 2,257 мың шаршы метр алаңы жалға беріліп, жалға беруден 12 млн теңге түсті.

Сонымен бірге, әкімшілік ғимараттардағы артық алаңдарды жалға беру, шағын кәсіпкерлер субъектілерінің дамуы үшін қосымша жағдай қалыптастыратынын атап өтуге болады. Нысандарды жекешелендіру, жалға және сенімгерлік басқаруға беру бойынша Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментімен ұйымдастыратын комиссиясына Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының мүшелері қатысып, департаментпен белсенді ынтымақтыстықта жұмыс жасауда.

Қарқынды жұмыстар мемлекеттік мүлікті жекешелендіру бойынша да жүргізілуде. 2020 жылы республикалық мүлікті жекешелендіруден 56 нысан сатылып, 61,9 млн теңге қаражат республикалық бюджетке түскен. Сауда-саттықта негізінен жылжымайтын мүліктер сатылған (төменгі өтімділік деңгейдегі автокөлік құралдары, сонымен бірге, оңтайландыру нәтижесінде анықталған мемлекеттік органдардың ғимараттары).

Сонымен қатар, республикалық меншіктегі нысандарды сенімгерлік басқаруға беру бойынша департамент жұмыс жасауда. 2019 жылы сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға жалпы алаңы 159,1 шаршы метрді құрайтын 2 нысан 3 жыл мерзімге берілген.

Сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға негізінен Қылмыстыатқару жүйесі департаментінің түзету мекемелерінің нысандары сувенирлердің, ағаш бұйымдарының, кеспе тастар мен тігін өндірісінің және т.б. цехтарын ашу үшін беріледі. Бұл нысандарды сенімгерлік басқаруға берудің ең маңызды шарты – жазасын өтеушілерді жұмыспен қамту.

Бұл жерде кәсіпкерлер түзету мекемелерінің бос тұрған және жөндеуге жататын нысандарын тиімді пайдаланып отыр. Сонымен бірге, жазасын өтеушілерді жұмыспен қамтып, айлықтарын беріп, жаңа мамандықтарға оқытуда.

Экономикалық реформаларды жүргізу кезеңінде мемлекеттік активтерді тиімді басқару мәселесі ерекше өзектілікке ие болады.

***– Мемлекеттік меншікті басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды бағыттардың бірі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мен оның аумақтық бөлімшелері іске асыратын «Бірыңғай теңгерім ұстаушы» жобасы екенін білеміз. Жобаның жүзеге асырылу барысы туралы не айтасыз?***

– Оның мақсаты – ғимараттарға, құрылыстарға және автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету жөніндегі мемлекеттік органдардың өздеріне тән емес функцияларын кейіннен оларды шағын және орта бизнес субъектілеріне бере отырып, орындаудан босату болып табылады. Бұл департамент үшін жаңа функция және бұған дейін айналыспағанымызды айта кету керек.

Жобада Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің аумақтық бөлімшелеріне ғимараттарға қызмет көрсетуге тартылған жылжымайтын мүлік объектілерін, автокөлік құралдарын, штаттан тыс қызметкерлерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жүйесінің аумақтық бөлімшелерінің ғимараттары мен автокөлік құралдарын ұстауға арналған шығындарды беру қарастырылған.

Осылайша, «Бірыңғай теңгерім ұстаушы» жобасын іске асыру аясында Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің теңгеріміне 33 жылжымайтын мүлік объектісі, оның ішінде 15 қосалқы объект және 18 автокөлік құралдары (қазынашылық департаменттерінің, мемлекеттік кірістер мен оның аумақтық бөлімшелерінің негізгі құралдары) қабылданды.

Мүлікті бірыңғай теңгерім ұстаушыға беру осы функцияларды орындау бойынша бизнес-процестерді, штаттан тыс қызметкерлердің санын, ғимараттар мен автокөліктерді күтіп ұстауға, оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстарды қысқарту жолымен республикалық бюджеттің әкімшілік шығыстарын оңтайландыруға мүмкіндік берді.

Ғимараттарға қызмет көрсету мен күтіп-ұстауға жұмсалатын шығындарды оңтайландыру үшін департаменттің теңгеріміндегі барлық әкімшілік ғимараттарда орналастырылған қызметкерлерді оңтайлы отырғызу және артық үй-жайларды босату бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізілді.

Коммуналдық қызметтер үшін төлем, сондай-ақ ғимараттарды ұстауға және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындар Мемлекеттік орган шығыстарының жалпы үлесінің басым бөлігін құрайтыны ешкімге құпия емес. Оң экономикалық нәтиже алу мақсатында «Бірыңғай теңгерім ұстаушы» жобасын іске асыру шеңберінде Қазынашылық және Мемлекеттік кірістер департаменттерінің аумақтық бөлімшелерін оңтайлы орналастыру жүргізілді. Облыстың 5 ауданында Мемлекеттік кірістер және Қазынашылық бөлімшелері бір ғимаратта орналасқан, ал 2 ауданда оңтайландыру бұрын жеке тұлғалардан үй-жайларды жалға алған және де басқа республикалық мемлекеттік заңды тұлғаларды орналастыру арқылы жүргізілді.

Қазіргі таңда Қазынашылық және Мемлекеттік кірістер департаменттерінің аудандық басқармаларының ғимараттар мен үй-жайларға қызмет көрсету және күзету, құрылғыларға қызмет көрсету бойынша барлық қызметтер бәсекелестік ортаға беріліп, департамент тарапынан тиісті жұмыстар өз кезегінде жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, департамент жекелеген негіздер бойынша мемлекет пайдасына айналдырылған мүлікті одан әрі пайдалану жұмыстарын ұйымдастыруда елеулі жұмыс атқарып келеді.

***– Аукциондардың ашықтығы қалай қамтамасыз етілуде?***

– Сот актілері негізінде мемлекет пайдасына кірістелген мүліктерді өткізу бойынша (құны 582,4 млн теңге) 2020 жылы 153 электрондық аукцион өткізіліп, барлығы 12755 мүлік сатылып, бюджетке 181,2 млн теңге қаражат түсірілді.

Құны 391,6 млн теңгенің мүліктері республикалық және коммуналдық меншік мүліктерінің құрамына (теңгеріміне) өтеусіз бекітіліп берілді.

Атап айтсақ, олардың ішінде, 16,9 млн тенгенің 16 бірлік автокөліктері, 158,2 млн тенгенің жанар-жағармайы станциясы (АЗС) ғимараты, 327,2 мың тенгенің 80 дана оргтехникалар және құны 5,4 млн тенгенің 12600 халық тұтынатын тауарлары сатылды, сонымен қатар, әлеуметтік қызметтердің субъектілеріне қолдау беру мақсатында, Қызылорда қаласы әкімдігі жанындағы қалалық коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй бөліміне қала тазалығы қызметіне пайдалану үшін, құны 110,3 млн теңге тұратын бір ғимарат және Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің Жұмыспен қамту орталығының әкімшілік ғимараты үшін құны 270,1 млн тенге болатын бір ғимарат өтеусіз бекітіліп берілді.

Сондай-ақ, мүліктердің 4100 түрі одан әрі пайдалануға жарамсыздығынан департамент жанынан құрылған ведомствоаралық облыстық комиссия шешімдерімен жойылды.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдарына және Үкіметтің 2002 жылғы 26 шілдедегі №833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдырылуы тиіс) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың Қағидасына сәйкес, мемлекеттік қызметшімен қандайда бір қабылданған сыйлықтардың мемлекеттік қорға тапсырылуы (өткізілуі) міндеттелген.

Өткен 2020 жылы мемлекеттік арнайы қорға төрт мемлекеттік қызметшілермен қабылданған сыйлықтарды электрондық сауда-саттықта өткізуден 22,1 мың теңгенің қаражаты бюджетке түсірілді. Мемлекеттік қорға аталған сыйлықтарды қабылдау жұмыстары биыл да және де жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған мүліктерді есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың, одан әрі пайдаланудың жұмыстары өз дәрежесінде тиісті кестелерге сәйкес жүргізіліп келеді.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік мүлікті басқару тәсілдері белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылуда. Бұл нарық жағдайында бәсекелестіктің қанат жаюына ықпал жасайды.

Әңгімелескен
**Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,**
**«Сыр бойы»**

# АЛТЫ ШАҚЫРЫМНЫҢ АЗАБЫ

Бірнеше жыл бұрын тақтайдай тегіс күйдегі жол қазір мүжіліп, шаңы шығып жатыр. Толассыз жүрген жүк көліктерінің кесірінен оның сапасы уақыт өткен сайын нашарлауда.

«Тәулік бойы жүзден аса жүк көлігі осы жолмен тыным таппай қатынайды. Ал оларды бақылап, талаптардың сақталуын қадағалап отырған ешкім жоқ. Олар жолды ғана құртып қоймай, айналадағы табиғатқа да қаншама зияны тиіп жатыр ғой. Шаң-тозаң аралас, кейде үлкен «Камаздан» ұшқан тастар өзге көлікке ұшып жатады. Мына Шиелідегі цемент зауыты қалай ашылды, содан бері ауыр техниканың таудан тас тасуы көбейді. Осының бір шешімі болса», дейді Еңбекші ауылының тұрғындары.

Негізгі талап бойынша Еңбекшіге барар жолдың үстімен жүретін ауыр техникаларға 8 тоннадан артық тас тиелмеуі тиіс. Бірақ, бұл талапты жүре тыңдаған көлік иелері көп. Ал ауа температурасы 25 градус ыстықтан асқанда жүк машиналарының жүруіне шектеу қоятын құзырлы орындар бұған қол қусырып отырған сияқты көрінді бізге.

– Тау беткейде қиыршықтас пен уран өндірісінің компаниялары бар. Содан жүк тасымалдайтын жүк машиналарының кесірі бұл. Біз арнайы көлік инспекциясына хат та жолдадық. Аудандық ішкі істер бөлімімен бірлескен рейд те қосымша жүруде. Күндіз көлік аз болғанмен, түнде олардың қозғалысы жиі болып тұр. Негізінде Еңбекші

ауылына дейінгі 6 шақырым жол «КазАтомПром» мекемесіне жалға берілген. Келешекте олар Еңбекші ауылына кіреберіс жолдан бөлек, оған қатарласа орналасқан жол салуға ниетті, – дейді аудандық тұрғын үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Дана Аман.

Қаратаудың тасын үңгіп, бері қарай жөңкілген техникалар ауылдағы ағайынның жол азабын осылайша еселеп отыр. Еңбекшіліктердің талабы біреу-ақ. Ол – өндіріс компаниялары жай жатқан жұртқа зиянын тигізбей, өздеріне қосымша жол салынса дегені.

Сондай-ақ «Сауда-көлік компаниясы» ЖШС «СКК-Шиелі» филиалының директоры Дәурен Досмағанбетовтың айтуынша, Еңбекшіге апарар 6 шақырым жол жыл сайын ағымдағы жөндеуден өтіп тұр. Бірақ, күрделі жөндеу жалға алушылардың құзыретіне кірмейді екен.

– Біздің компанияның балансына жататын үлкен жолдан таудағы Тайқоңырға дейін 165 шақырым жол бар. Ал мына Еңбекшіге дейінгі жол бізге жалға берілген. Жалға алған соң оны күтіп ұстау, жыл сайын ағымдағы жөндеуді де жүргізіп отырмыз. Күрделі жөндеу жүргізбейміз. Қазір бұл жұмыстар басталып кетті. Шұқырлар бітеліп, арнайы жол белгілері толық жаңартылып жатыр, – дейді ол.

# ҚОСҮЙЕҢКІГЕ АУЫЗСУ ҚАЖЕТ

**Еңбекші ауылдық округіне қарасты Қосүйеңкіге ауызсу құбыры тартылмаған. Ондағы ел көп жылдан бері бұлақ суын пайдаланып келеді.**

– Водовозбен тасып ішеміз. Айналдырған 30 үйдің басты мәселесі осы. Кәдімгі қолдан құйылған цемент құдықты пайдаланып келеміз. Оған құйып алған су екі аптаға да жетпейді. Қазір жаз айында су көп керек екені белгілі ғой. Аяқсу жайлы айтпай-ақ қоялық. Ішер суыңды таппай отырғанда егін егуді қалай ойлауға болады?! – дейді қосүйеңкілік Балтахан Әбдіраманов.

Аудандық әкімдік өкілдері Еңбекшіде биыл екі жоба іске асады деп жоспарлап отыр. Бірі газдандыру болса, екіншісі – Қосүйеңкіге ауызсу жүргізу.

– Қосүйеңкідегі ауызсу мәселесі бойынша оң жұмыстар бар. Жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Қазір сараптамадан өткізілуде. Ал Еңбекшіні газдандыру бойынша жобамыз сараптамадан толық өтті. Облыстағы салалық басқармаға бюджеттік өтінім тапсырып қойдық. Келер жылы бұған қаржы бөлінеді деген үмітіміз бар, – дейді аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ғалымжан Шалбаев.

Қосүйеңкінің маңайында бұрын қазылған скважина орны сақталған. Жоба бойынша осы су көзін қайта жаңғыртуға да болады екен. Ал ауылдағы ағайын әзірше бұрынғыдай бұлақ суымен күнелте бермек.

**Ержан ҚОЖАС,**
**«Сыр бойы»**
Шиелі ауданы.

1-бет

# ЖАЛАҒАШТА ЖҮЗУ БАССЕЙНІ САЛЫНУДА

**Биылғы жазда жалағаштықтар жүзу бассейінінің игілігін көреміз деп отыр. Заманауи үлгіде салынған ғимараттың сырт келбеті алыстан көз тартады. Біз барғанда, ғимараттың айналасы абыр-сабыр, құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр екен.**

Sb **Ғазиза ӘБІЛДА,**
**«Сыр бойы»**

Құрылыс басындағы жауапты мамандардың айтуынша, жоспарлы жұмыстардың басым бөлігі атқарылған. Ғимаратты салып жатқан жұмысшылар қатарында жергілікті тұрғындардың да үлесі бар. Жалпы аумағы 52 гектар ғимаратта үлкен, кіші бассейндер, жаттығу залы, дәрігерлік кабинет, дүкен, киім ауыстыру бөлмесі және душ қабылдайтын орын қамтылған. Ең бастысы, жалпы халықтың салауатты өмір салтын ұстанып, әсіресе жастардың бос уақытын пайдалануына септігі мол.

Осынау әлеуметтік маңызы бар жобаны жүзеге асыруға қаржы салып отырған кәсіпкер Қайыржан Құлтекенов – Атырау облысының азаматы, «Казкомсервис» ЖШС-ның құрылтайшысы. Ал құрылысты салып жатқан мердігер – «Интегрострой» ЖШС. Жоба аясында бассейн құрылысын салуға 395 млн теңгеден астам қаржыға келісім-шарт жасасқан. Жыл соңына дейін жоспарланған жұмыс мерзімінен бұрын, маусымшілде айларында пайдалануға берілмек.

– Аудан орталығынан жүзу бассейнінің салынғанына тұрғындардың алғысы шексіз. Бұл – жасөспірімдердің өз денсаулығын нығайтып, салауатты азамат болып қалыптасуына, сол сияқты, қарапайым тұрғындардың да заман талабына сай жаңашыл бастаманың игілігін көруіне мол мүмкіндік – дейді кент тұрғыны Маханбет Ахметов.

Иә, ел ішінде қалталы азаматтар көп шығар, дегенмен, жеке қаражатын халықтың игілігіне жұмсайтындар некен-саяқ. Осы тұрғыдан қарағанда, Қайыржан Құлтекенов сынды атымтай жомарт азаматтардың ісі көпке үлгі.

# Кәсіпкерлік: **кеше мен бүгін арасы**

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

### Алғашқы адымдар

Қазақстанда кәсіпкерлік туралы 90-жылдардың басында, қайта құру басталғанда айтыла бастады. Бұл кезде «комсомолдық кәсіпкерлік» басталды. Белсенді жастар, негізінен комсомол жетекшілері, жастардың шығармашылық ғылыми-техникалық орталықтары негізінде кооперативтер құра бастады. Несиелеуде жеңілдік жасалды. Өспелі инфляция жағдайына дәл осы кәсіпкерліктің алғашқы толқыны төтеп беріп қана қоймай, сондай-ақ қажетті бастапқы капитал жинай алды, себебі несие «қымбат» алынып, «арзан» қайтарылды.

Кәсіпкерлік қызметін бұрынғы Кеңес одағы кезінде 1987 жылы қабылданған «СССР азаматтарының жеке еңбек қызметі туралы» заңы алғаш рет ресмилендірді. 1988 жылы «Кооперация туралы заң» қабылданды. Кооперативтер мен серіктестіктердің жаппай құрылуы басталды. Дегенмен нарықтық инфрақұрылымның болмауына байланысты кооперативтердің аз бөлігі ғана аяғынан тұрып кете алды. Кейінірек 1988-1991 жылдары жалға беру, бірлескен кәсіпорындар мен банк қызметі туралы заңдар экономикалық жағдайды біршама ырықтандырды. Тұтастай алғанда, негізгі меншік мемлекеттікі болып қала бергенімен, жалға беру түріндегі аздаған босаңсулар біршама дәрежеде кәсіпкерлік белсенділікке жағдай жасады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін кәсіпкерлік белсенділікті қолдауға байланысты бірқатар заңдар қабылданды. Саланың дамуына «Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуы мен шаруашылық қызметтің еркіндігі туралы» (1991), «Жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау туралы» (1992) заңдар түрткі болды. 1994 жылдың басындаақ жеке кәсіпорындар саны 15,7 мыңды құрады. Салада жұмыспен қамтылғандар саны 164 мыңға жетті. 1998 жылдың басында шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 307 мыңды құрап, оларда 1,2 миллион адам жұмыспен қамтылды. Кәсіпкерлік қызметтің негізгі үш саласының ішінен бірінші орынға өндіріс те, тұтынушылар мен тауар өндірушілер арасындағы делдалдық та емес, сауда шықты.

Бүгінде мейрамхана бизнесімен қатар, құрылыс, сауда-саттықпен айналысып, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтып отырған азамат, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары кәсіпкерлікке бет бұрған Қызылорданың беделді кәсіпкері, «Раим» ЖШС бас директоры Ерлан Раимов артта қалған қиын-қыстау кезеңді былай суреттейді:

– Мен өз бизнесімді жүз доллар қаржымен бастаған адаммын. Әу бастан кішкентай дүңгіршекті жалға алып, сусындар сата бастадым. Ол кезде ел білетін кәсіпкерге айналып, үлкен бизнеске аяқ басамыз дегендей арман-ойлар болған да жоқ. Бар ниетіміз – отбасын асырау еді. Кеңес одағы құлап, тәуелсіздікке енді қол жеткізген алғашқы жылдары ел экономикасы үшін де қиын-қыстау кезең болды. Инфляция жоғары еді. Әйтеуір, көп қиындықты еңсеріп, мейрамхана бизнесіне кірісіп кеттік.

Әсіресе, егемендіктің алғашқы жылдары көптеген бизнесмендердің өз кәсібін дөңгеленте алмай, банкротқа ұшырағанын естіп-біліп жүрген Ерлан Қаниұлы ұзақ жылдар бойы аянбай еңбек етіп, отбасының қолдауының арқасында аяққа нық тұрып, кәсібін кеңейтіп отырғанына шүкіршілік етеді.

– Біз – тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан жаңа нарықтық қатынастарға икемделіп, жұмыс істей бастаған егемен елдің азаматтарымыз. Шындап келгенде, сол кезеңнен бүгінге дейін бизнеспен айналысып келе жатқан, қиындықты еңсере білген кәсіпкерлер өте аз. Көптеген кәсіпорындар банкротқа ұшырап, жабылып та жатты. Еліміз бірнеше экономикалық дағдарыстан өтті. Ал мұндай қиындықтарды жеңіп шығу үшін табандылық пен қажырқайрат керек, – дейді ол.

Ұлттық аспаздық өнерді дәріптеп, әлемдік деңгейде ұлттық бренд ретінде танытуды мақсат тұтатын кәсіпкер шетелде қазақ тағамдарына ынтаықыластың жоғары боларына кәміл сенеді. Қызылордадағы «Қыз Жібек» мейрамханасы – әр жылдары облыстық және республикалық байқаулардың жеңімпазы болуымен қатар, «Жыл мейрамханасы» ретінде танылған. Ал 2016 жылы «Ұмытылған ұлттық асхана» республикалық байқауының сыйлығын алған.

Ерлан Раимовтың айтуынша, бүгінгі таңда Қазақстанда кез келген бизнес түрімен айналысуға жағдай жасалған. 90-жылдардан бастап, елімізде үлкен өзгерістер жүзеге асып, тың бастамалар көтерілді. Бұл тұста мемлекет тарапынан бизнесті қолдауға көп жағдай жасалып жатқанын бағалай білуіміз керек.

### «Бәрін өзіміз меңгердік»

Сол кезеңде ҚР Президентінің 1997 жылғы «Шағын кәсіпкерлікті дамытуды белсендету және мемлекеттік қолдауды күшейту шаралары туралы» және 1998 жылғы «Жеке және заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне деген құқығын қорғау туралы» жарлықтары кәсіпкерліктің дамуына жаңа күш берген еді. Осы жарлыққа орай, Қазақстанда шағын бизнесті дамыту жөніндегі алғашқы арнайы орган ретінде сауда және экономика министрлігінің құрамында шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі агенттік құру және оның жұмысын ұйымдастыру ұйғарылды.

Саладағы қызметі Тәуелсіздікпен шамалас, бүгінде қоғамда халықтың әлеуметтік мәселесіне бей-жай қарамайтын, олардың шешілуіне септігін тигізіп жүрген өнір кәсіпкерлерінің бірі Сейітқали Алшынбаев бұл уақытты кәсіпкерлік жандана түскен кезең деп еске алады.

– Кәсіпкерлікке келмес бұрын «Қызылорда жолаушылар автотранспорт кәсіпорны» мекемесінде он жылдан аса уақыт жұмыс жасадым. Аталған кәсіпорынның материалдық жабдықтау бөлімінде қызметте болдым. Сонда бізді алыс-жақын шетелдерге жіберетін. Бизнеске бағытты осы кәсіпорында жүріп алдым десем де болады. Кеңес одағы тарағаннан кейін жұрт абдырап, қай жағына қарай ойысарын білмей қалды. «Суға кеткен тал қармайды» дегендей, тіршілікті жалғау қажет болып, алғашқы кәсіпкерлікті егін шаруашылығынан бастадық. «Талаптан» шаруа қожалығын құрдық. Кәсібіміз жандана түсті. 1997-1998 жылдары жалпы елдің жағдайы жақсара түсті. Елде құрылыс қарқын алып, жұрт жаңа үйлер тұрғыза бастады. Осы сәтте біз кәсіпкерлікті құрылыс саласына бұрып, қаладағы бірқатар нысандарды салдық. «Нұрай» ЖШС құрылғалы бері қалада және облысқа қарасты елді мекендерде мектептер құрылысын аяқтадық, – дейді ол.

Кәсіпкерлік қызметтің ерекше бір түрі ғана емесін айта кеткен жөн. Бұл – белгілі стиль және тәртіптің типі, жинақтап айтсақ, үлкен бастама. Сонымен бірге дәстүрден тыс шешімдерді іздестіру, тәуекелге бару. Бұл ретте кәсіпкер бүгінгі таңда салаға жасалып жатқан қолдау көп екенін айтады.

– Біздің жас кезімізде бизнеске үйрететін ешкім болмады, бәрін өзіміз меңгердік. Қазір мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті дамытуға күш салынып жатыр. Көмек жеткілікті. Түрлі мемлекеттік бағдарламалар бар. Қаражатты да беруде. Сондай қолдау болып тұрғанда халық тарапынан, кәсіпкерлер тарапынан үлкен белсенділік көрініп, бизнесте үлкен қозғау болу керек, – дейді Сейітқали Алшынбаев.

### Құқық пен мүдде қорғалады

Бүгінде кәсіпкерлік саласын дамыту, қолдау құрылымын қалыптастыруда еліміз кезең-кезеңнен өзінің тарихи жолымен жүріп өтті. Мемлекеттің ішкі жүйесінде кешенді тәсіл мен мемлекеттік қолдау механизмі бар. Онда тұтынушылардың да, кәсіпкерлердің де құқығы мен мүддесін сақтау жұмысы жолға қойылған.

Еліміздегі «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасын құруда бизнес-қоғамдастықтарды ұйымдастырудың континентальді моделі негізге алынған. Палатадағы кәсіпкерлердің жалпыға бірдей мүшелігі моделі континенталді (еуропалық) моделіне негізделген. Бұл модель Франция және Германияда әзірленіп, Еуропаның жетекші елдерінде сәтті жүзеге асып келеді. Бұл ретте 2013 жылы құрылған Ұлттық кәсіпкерлер палатасының аумақтық бөлімшесі Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы бизнес пен биліктің тиімді серіктестігі негізінде дамуға қолайлы жағдай жасауда. Соның бір мысалы, өткен жылы облыстық кәсіпкерлер палатасының кеңесшілері әзірлеген құны 2,5 млрд теңгені құрайтын 188 жоба әзірленді.

Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып құрылған «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы аймағымызда белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Бизнесте белең алған заңсыздықтар мен түсініспеушіліктерді қарап, адал еңбек иесінің табысы арту жолында мәселелердің жедел шешілуі жолға қойылған.

Айталық, өткен жылы пандемия салдары аймақта өндірілген өнім көлемі төмендеуіне алып келді. Алғашқы 6 айда шағын және орта кәсіпкерлікте 144,5 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 16,7 процентке аз. Төтенше жағдай, карантин кезеңдерінде Кәсіпкерлер палатасы жұмысын тоқтатқан емес. Бизнес өкілдеріне жан-жақты көмек көрсетті. Елімізде төтенше жағдай енгізілген кезеңнің алғашқы күндерінде Палата мамандары блок-посттарда тұрып кәсіпкерлердің кедергісіз жұмысын ұйымдастыру мақсатында ручной режимде жұмыс істеді. Көрші Түркістан облысы көкөністерді шығаруға шектеу қойылғанда мәселені облыс әкімдігіне жеткізіп, азық-түліктің кедергісіз өңірге кіруіне жағдай жасады.

Еуразиялық экономикалық комиссия күрішті өзге елдерге тыйым салу тетіктерін қарастырып жатқан шақта палата мамандары күрішшілермен бірге дабыл қағып, мәселені дер кезінде Үкіметке жеткізді. Осылайша қызылордалық кәсіпкерлер күрішті кедергісіз экспортқа шығару мүмкіндігіне ие болды.

Жеке кәсіпте барлық әрекет заң аясында атқарылып, мемлекет пен тұтынушылардың қауіпсіздігі сақталып, адал жұмыс істегенде ешқандай мәселе де, қиындық та тумайды деп айту оңай. Бизнес иелерінің алдынан шығатын біз айтқандай түрлі кедергілер мен қиындықтар табысты азайтатыны анық. Осы ретте облыстық кәсіпкерлер палатасы адал жұмыс істейтін кәсіпкерлердің құқығы мен мүддесін қорғап келеді.

### Бесжылдық белес

Елімізде соңғы 20 жылда сала қарқынды дамыды. Осы уақыт ішінде бизнес өкілдерінің саны 7 есе өсті. Мәселен, 2000 жылдардың басында елде небәрі 200 мың кәсіпкерлік субъект болса, биыл оның саны 1 млн 300 мыңға жеткен. Басым бөлігі сауда саттық және қызмет көрсету саласы. Ал елде өндірілетін отандық тауарлар 100-ден астам елге экспортталады.

Кәсіп иелері елді өнімімен ғана емес, 4,5 млн тұрғынды жұмыспен де қамтып отыр. Салаға серпін берген – мемлекеттік бағдарламалардың үлесі айрықша. 2000 жылы шағын және орта кәсіптің экономикадағы үлесі 10 процеттен асқан жоқ. Қазіргі таңда 34 процентті құрып отыр. Үкімет тарапынан көп бағдарлама іске асып жатыр. Әсіресе, «Бизнестің жол картасы», «Қарапайым заттар экономикасы» сияқты 10 шақты жобаны ерекше атауға болады. Бұл ретте пандемия әсіресе, шағын кәсіпкерлікті шатқаяқтатып тастағаны жасырын емес. Десе де, бизнес өкілдері заман ағымына сай бейімделуді біледі. Былтырдан бері кәсіптің жаңа түрі – онлайн сауда қыза бастады. Мәселен, 2019 жылмен салыстырғанда өткен жылы сауда көлемі еліміз бойынша 98 процентке артқан.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қолайлы іскерлік ортаны, бизнеске тиімді қолдау көрсетуді және бәсекелестікті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді белгілеп берген болатын. Тарата айтар болсақ, ең алдымен қолайлы бизнес-ортаны қалыптастыру қажеттігіне екпін берді. Осы орайда Президент: «Соңғы жылдары бизнесті алаңдатқан бірқатар мәселе шешілді. Саланы бақылау және қадағалау тетіктерін жетілдіру бойынша шаралар қабылданды. Мемлекеттік органдардың тексерулеріне қатысты жұмыстар реттелді» деді.

Мемлекет басшысы екінші міндет ретінде тиімді бизнесті қолдау керектігін атаған еді. Бұл ретте өнірміздің өзінде соңғы бес жылда шағын және орта бизнесті дамытуда біршама қолдау шаралары іске асырылып, айтарлықтай нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткіздік. Айталық, тіркелген шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 8062 бірлікке немесе 17%-ке ұлғайып, 55 498 бірлікті құрады. Олардың жұмыс жасап тұрғандары 14820-ға ұлғайып, 49 434-ке жетті. Бүгінде аймақта кәсіпкерлік салада жұмыспен қамтылғандар саны 97 мың адамнан асып, өндірілген өнім көлемі 266,4 млрд теңгеден 396,6 млрд теңгеге жетті. Ал, ШОБ-тың жалпыөңірлік өнімдегі үлесі 13,2 процеттен 16,7 процентке ұлғайды.

### Қаржылай қолдау қалай жүруде?

Қазіргі таңда шағын және орта бизнесті дамыту экономикалық өрлеудің және әлеуметтік-саяси жаңғыртудың басты құралы ретінде көрініс табуда. Әсіресе, жеке меншіктің нақты өмірде жүзеге асуы және орта таптың қалыптасуының материалдық негізі ретінде үлкен рөл атқарады. Демек, шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі мемлекетімізде артқан сайын еліміз көркейіп, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы да жақсару үстінде. Сонымен бірге, шағын және орта кәсіпкерлік – экономиканың тиімді әрі нәтижелі секторы.

Былтыр бұл саланы қолдау үшін Үкімет салықтық ынталандырулар беріп, несиелендіру аясын кеңейтті. Бизнесті жүргізу шарттарын одан әрі жеңілдету шараларын қабылдады. Бұл шаралар өңірде де өз жалғасын тапты. Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова саланы дамытуда қарқынды жұмыстар атқарылып жатқанын айтқан болатын.

– Пандемия кезінде өңірдегі 54 мыңға жуық кәсіпкер салықтық жеңілдіктерін алып, 8,5 мыңнан астамы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру төлемдерінен босатылды. 9 мың сауда алаңы шамамен 700 млн теңге арендалық ақыдан, 194 кәсіпкер мемлекеттік меншікті жалдау құнынан босатылды. 8 мыңға жуық кәсіпкердің 11 млрд теңгеден астам несие қарызы кейінге шегерілді. Кәсіпкерлік саласындағы бағдарламалар аясында өткен жылы бизнесті қолдауға банктермен 20 млрд. теңгеден астам қаражат бағытталды. «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығымен несиелендірудің қолжетімді шарттары арқылы ауыл кәсіпкерлерінің стартап жобаларына облыстық бюджеттен 2 млрд теңге қаржы бөлінді, – деді аймақ басшысы.

Пандемия кезінде былтыр өңірдің экономикалық ахуалына терең талдау жасай отырып «Облысты 2023 жылға дейін экономикалық дамыту картасы» қабылданды. Қаржы ұйымдары және банктермен бизнеске 30 млрд теңгеден астам қаржы бағытталып, нәтижесінде шағын бизнестің 800-ден астам жобасы шағын несиелермен, тұрақты бизнестің 600-ге жуық жобасы банк несиелерімен қаржыландырылды.

Бұдан өзге, мемлекеттік бағдарламалар аясындағы шамамен 2,8 млрд теңге қайтарымсыз гранттар 4770 жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың жаңа бастамаларына табысталды.

Бұл қолдау шаралары өз кезегінде шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандардың санын 2,5 пайызға арттырды. Бүгінде облыс бойынша бұл секторда 97 мыңнан аса адам жұмыс істейді. Айта кету қажет былтырғы жылы шағын және орта бизнеспен 396 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 16,7%-ті құрады.

Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы басшысы Фердоуси Қожабергенов жыл басынан «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында 7,9 млрд теңгеге кәсіпкерлердің 666 жобасы қаржыландырылып, 498 жобаға 2,9 млрд теңге көлемінде кепілдік ұсынылғанын айтады.

– Бағдарламаның несие портфелі өткен жылмен салыстырғанда 6 есе ұлғайды. Оған екінші деңгейлі банктермен кәсіпкерлердің жобаларына мақұлдама беру тәртібі автоматтандырылған «скоринг» бағдарламасына қосылуы оң септігін тигізді. Бұдан өзге, биыл «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 300 млн теңгеге 10 жоба қаржыландырылды. Жалпы қаржыландырылған жобалардың басым бөлігі пандемия кезеңінде аса зардап шеккен бөлшек сауда, жолаушылар тасымалдау, қоғамдық тамақтану сияқты шағын қызмет саласында жұмыс жасайтын микро кәсіпкерлік субъектілерінің үлесінде, – дейді басқарма басшысы.

Бұдан бөлек қаржыландыру Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры, Аграрлық несие корпорациясы, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы сияқты түрлі қаржы ұйымдары арқылы іске асырылуда. Биыл мемлекеттік бағдарламалар аясында шағын және орта бизнесті қолдауға бюджеттен 7 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Қосымша 3 млрд теңгеге жуық қаржы тартылуда.

Биылғы тағы бір жаңалық, ауылдық елді мекен кәсіпкерлерінің шағын несиелерге қолжетімділігін арттыру мақсатында «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, жаңа микроқаржы ұйымы құрылуда. Бұл ұйым екінші жартыжылдықта өз жұмысын бастайды. Сонымен бірге, өңірде «Жұмыспен қамту жол картасы» аясында микрокредиттеру құралы іске қосылады. Ол арқылы облысқа 1 млрд теңге қаржы қарастыру көзделуде.

Бұл қаражаттың барлығы кәсіпкерлік субъектілерінің жаңа бастамаларын іске қосуға, бизнесті одан әрі кеңейтуге, нәтижесімен жұмыс орындарын құру және өндіріс орындарын көбейтуге мүмкіндік береді. Осындай қолдау шараларының арқасында жыл сайын мыңдаған жобалар қаржыландырылып, іске асуда.

**Қорыта айтқанда, мемлекет ырғақты және тұрақты даму жолына түскісі келсе, оның әлеуметтік-экономикалық бағдарламасына міндетті түрде кәсіпкерлікті ынталандыру шараларының енгізілу қажеттігін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Дәл осы тұрғыдан Тәуелсіздік жылдарындағы жұмыс нәтижесінде қазір елімізде бизнесті дамытудың бұрын-соңды болмаған қолайлы ахуалы туып отыр деуге болады. Бұған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі бастап, аталған салаға айрықша көңіл бөліп отыруы, сол арқылы оны қаржыландырудың жақсы жолға қойылуы тікелей мұрындық болуда.**

1-бет

ӨНЕР

# Жастар театрының жаңа қойылымы

**Биыл ақ күріштің атасы атанған даңғайыр диқан Ыбырай Жақаевтың туғанына – 130, әйгілі шопан Жазылбек Қуанышбаевтың туғанына – 125 жыл. Осыған орай Қызылорда «Жастар» театры екі мәрте Социалистік Еңбек ерлеріне арналған Қуандық Түменбайдың «Екі бала, екі шал» атты спектаклін сахналады.**

Sb Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Халыққа ұсынылған бұл оқиғалы қойылымның режиссері – Ерғазы Әбжалиев. Қойылым күріштің бабын тауып, баласындай мәпелеп, дүниежүзілік рекорд жасаған қазақтан шыққан диқан Ыбырай Жақаевтың бала кезінен бастау алады. Еті бал, сүті шипа қой өсірудің арқасында абырой биігіне көтерілген Жазылбек Қуанышбаевтың еліне, жұртына, ауыл тұрғындарына деген адал қызметі көрініс табады. Әрі қарай Жазылбек пен Ыбырайдың елге сыйлы кезеңдері, бірге атқарған қызметтері сахналық шешім арқылы көпке ұсынылған.

– Қойылымның негізгі мақсаты – дәл осындай еңбек адамдарын ұмытпау, ұлықтау. Қазіргі және болашақ ұрпақты адалдыққа, еңбекке, патриоттыққа баулу үшін ең алдымен еңбек адамын дәріптеп, насихаттағанымыз жөн. Сондықтан еңбектің нағыз даңқты тұлғаларын үлгі етіп көрсетуіміз қажет, – дейді театрдың көркемдік жетекшісі, ҚР Мәдениет қайраткері Оңталап Нұрмаханов.

Театр актері Ілияс Өтетілеу даңғайыр диқан бейнесін сомдау үлкен жауапкершілік екенін айтады. Талантты жас күріш атасының өмірде қандай болғанын, мінез-құлқын зерттеген.

– Көзін көрген адамдардан сұрап, бар деректермен танысып шықтым. Ол кісінің сабырлылығы, еңбекқорлығы, маған қызықты әрі сабақ алатын бейне болды. Ерекше әрі үлкен рольдерімнің бірі. Осы күнге дейін бала бейнелерді сомдап, эпизодтық рольдерде ойнайтынмын. Бұл спектакльде Ыбырай Жақаевтың жасы ұлғайған шағын алып шықтым. Көрермен жақсы қабылдады деп ойлаймын. Оны халықтың қошеметінен байқадым, – дейді театр артисі.

Киелі өнер көшін жалғаған ұжым көрерменін алдағы уақытта да тарихи тұлғаларға арналған тың туындылармен қуантпақ. Атап айтқанда, жақын күндері Томирис бейнесін ашып көрсететін үлкен қойылым жоспарда бар.

ЖЕҢІС-76

**Қай заманда да жақсы адамдардың ізінде жақсы сөз бен жақсы ісі жөнінде халық арасында әңгіме қалуы – заңды құбылыс. Біз сөз еткелі отырған Мәдібай Баймаханұлының өмірінен аз-маз мәлімет келтірер болсақ, ол 1916 жылы Ақмешіт уезі, Маслов болысына қарасты Қасқабөгет маңайында дүниеге келген екен.**

# Жақсының ісі жаңғыра береді



Жалпы адамзат жаратылысында тектілік, бекзаттық деген асыл қасиеттер ұрпақтан ұрпаққа жалғаса береді. Оны ғылым да дәлелдеп отыр.

Мәкеңнің үлкен әкесі Құлшық өз заманында халқына адал қызмет еткен, тұрмысы төмен жандарға қол ұшын беріп отырған, жомарт кісі болыпты. Оны бұрынғы өтіп кеткендер де, қазіргі көзі тірілер де айтып отыратын.

Бір ғана жасаған жомарттығы – Бұқарбай батыр Қараөзектен егін егуге, сөйтіп халықты отырықшылыққа бейімдеуге үлкен жарма қаздырмаққа бекініпті. Сонда Құлшық атамыз жарма қазуға жиналған жұмысшыларды тамақпен қамтамасыз етіп отырған. Жүздеген атпал азаматты тамақпен қамтамасыз ету де оңай болмаған сияқты. Күніне бірталай мал сойылып, қазан асылады екен.

Мәкеңнің өз әкесі Баймахан ақсақал да сол кездің қиыншылықтарын, одан Октябрь революциясы салған ауыртпалықтарды басынан өткерген. Артельге, кооперативке бірігу, колхоздастыру науқанының басы-қасында, ұйымдастыру жұмыстарында болған. 1931-33 жылдың ашаршылығын да бастан кешкен.

Мәкең ерте есейді, еңбек жолын ерте бастады. Сол кездегі елді жайлаған әділетсіздік пен заңсыздық, көрген қиыншылықтары бір адамның басына жетерлік ауыртпалық еді. Кезінде өзі «Мен партиялық билетімді төрт рет беріп, төрт рет қайтарып алып едім» дейтін.

Жас кезінде Қалжан ахун мешітінде оқу оқып, білім алған. Ол жабылып қалғаннан кейін, ту Қасқаның бөгетінен Тереңөзекке қатынап оқыған. Жастайынан математикаға жүйрік Мәкең 1936 жылы ҚазМУдың физика-математика факультетіне оқуға түседі. Алайда неше түрлі құдалауға ұшырайды. Артынан оқу орнына «ол – бай-кулактың тұқымы» деген арыз барып, оқудан шығып кетеді. «Енді не істеу керек? Елге келіп, жеке құжаттарымды қайта жасатып, арғы аталарымыз Байторының атына жазылып, фамилиям Байтөреев болып шыға келдім» дейтін. Университетте жүргенде Т.Жүргенов Оқу наркомы екен. Сол кісінің көмегімен 1938 жылы қайтадан университетке оқуға барып түседі. Оқуын аяқтай алмай, 1940 жылы әскерге алынып, артиллерия полкінде қызмет етеді. Математикаға жүйріктігінің арқасында артиллериялық дәлдіктерді өте оңай шешіп отырған.

Екі айдан кейін фин соғысына алып кеткен. Кейін әскери қызметте Батыс Белоруссияда қалады. Сонда жүргенде екінші дүниежүзілік соғыс басталады. Жорық жолын батыс Белорусь жерінен бастаған Мәкең 1941 жылдың 3 шілдесінде Баранович қаласы түбінде ауыр жарақат алып, неміс тұтқынына түседі. 1943 жылдың мамырына Мозовецк аралындағы әскери тұтқындар лагерінде болып, маусым айында солтүстік Франциядағы Саинт-валлер елді мекені жанындағы теміржол көпірін жөндеу тобына ауыстырылады. 7 маусымда партизандар байланысшысы арқылы таудағы отрядқа 8 адам болып қашып барып қосылады. Франциядағы Дром департаментінде (Лион қаласының аймағы) әскери әрекеттер жасаған, капитан Моно басқарған бұл отрядта ол 1945 жылдың қыркүйек айына дейін жауынгерлік тапсырмалар орындайды. Сондай шайқастардың бірінде, Лион мен Валянсе автожолы бойындағы мина заводын талқандауда көзге түсіп, «Француз легионы» жауынгерлік медаліне ұсынылады. Соғыс аяқталған соң 1945 жылы қыркүйекте елге қайтады. Франция партизан отрядында болғандығын айғақтайтын куәлікті келген бетте кеңестік арнайы органдар алып қойғаны себепті, 1947 жылдың қыркүйегінде Түркістан әскери округінің әскери трибуналының үкімімен он жылға сотталады. Содан Қарағандыда, Кемеровода жеті жыл түрмеде отырып, 1954 жылғы шілдедегі жарлық шыққан соң желтоқсан айында босатылып, елге оралады.

Елге оралған соң, еңбек жолын жас кезінен бергі арманы ұстаздықтан бастап, кейін құрылыс шебері болады.

1960 жылдары Жалағаш ауданының коммуналдық шаруашылығын басқарған Мәдібай Байтөреев жаңа қоныстанушыларға трактормен түзулеп арықша тартып, екі сызық арқылы болашақ көшелердің жобасын жасады. Олар осы кездегі Бұқарбай батыр, Абай, Әйтеке би, Жүргенов, Нысанбай жырау және оларды кесіп өтетін Сәрке батыр, Желтоқсан, Амангелді, Қыстаубаев көшелері еді. Жаңадан салынатын үйлердің қызыл сызықтан асып кетпеуін қатты қадағалап, жаяу адамдар жүретін тротуарлар мен көліктерге арналған аралықты, олардың кеңдігін сақталуын іске асырды. Сол кісінің бастауымен қалыптасып, бой түзеген оқтай түзу көшелері кентке осы күнге дейін ерекше көрік беріп тұр. Облыс көлеміндегі басқа аудандарда да осындай әсем көшелер жоқ.

Мәкең одан кейін «Қызылордасельстрой» тресінің №1605 құрылыс мекемесінде он бес жылдан астам прораб қызметін атқарды. Жалағаштағы әкімшілік, қаржыгерлер үйлері, үш қабатты байланыс бөлімшесі, №246 мектеп, СПТУ кешені, прокуратура, оқушылар үйі және вокзал маңындағы барлық екі қабатты үйлер сол кісінің басқаруымен тұрғызылды. Соның нәтижесінде қыстақ келбеті түзеліп, тіпті поездағы жолаушылар сүйсініп өтетіндей дәрежеге жетті.

Мәкеңнің жұмыс үстінде адамдарға талап қоюы, ұйымдастыру қабілеті, еңбекқорлығы, шаршауды білмейтін төзімділігі, әрбір сөзді орынды пайдалануы, қайсар, тік мінезі, оның орыс тілін игеруі мен техникалық, саяси сауаттылығы мекеменің жас инженер-техник қызметкерлерінің өсіп жетілуіне зор ықпалын тигізді.

1964 жылы мал шаруашылығын дамыту мақсатында жаңадан құрылған Аққыр кеңшарының алғашқы қазығын қағып, құрылыс жұмыстарына басшылық жасаған прораб Мәкең болатын. Жалағаш аудандық коммуналдық шаруашылық мекемесін басқарған жылдары өз алдына бір төбе.

Елдегі саяси ахуал оң қалыпқа түсе бастаған шақта, заңды құқықтарын иемдену үшін ол 1957 жылы КСРО Жоғарғы сотына шағымданды. Нәтижесінде Жоғарғы соттың сол жылғы шешімімен оған реабилитация жасалды. 1990 жылы ол Франция президенті Франсуа Миттеранға әскери куәлігі мен жауынгерлік медаліне сұрау салып, хат жазды. 1994 жылы тамызда Мәдібай Баймаханұлы Францияның азат етілуіне 50 жыл толуына орай шығарылған «Комбатан волонтер» құрмет медалімен марапатталды, сөйтіп ерлігінің біршама мойындалғанын көрді.

Мәкең қай жұмыста, қай қызметте жүрсе де, халыққа адал қызмет ету басты мақсаты болды. Тектілік болмысымен, қарапайым сөзбен әңгімесін айтып, кімді де болса өзімен тең ұстап, дос-жарандай қалыпта отыратын. Өмірінің соңғы жылдарында халқының өткен тарихын зерделеуге ықыласты жас ұрпаққа тарихи тағылым қалдыруды мақсат етіп, Сыр елінің батыр ұлдарының бірі Байқадам батыр Ағайдарұлы туралы кітап жазып, жарыққа шығарды.

«Жақсыдан жақсы туар жарқылдаған» деп Балқы Базар жырлап кеткендей, Мәкеңнің Қожахметі мен Болатты бүкіл ел біледі. «Ғалымның хаты өлмейді, жақсының ісі өлмейді» деген, дүниеге келгеннен кейін артыңда ісің, ақындық, жазушылығыңмен хатың қалса, ондай адамды өлді деуге болмас» деп кей сәтте айтушы еді. Зейнетке шыққаннан кейін де аудан мақтанышына айналған «Универмаг» дүкені, Мәдениет үйін салуда қажырлы еңбек етті. Аудан басшысы Қ.Қазантаев та жиі келіп, клубты сәулеттендірудің түрлі жолдарын Мәкеңмен ақылдасып тұратын.

Оның ел алдындағы қыруар еңбегі бағаланып, кезінде әртүрлі марапаттаулар мен орден, медальдар алды. Енді ол кісіге көше аты беріліп отыр. Мәкеңді білетін көзкөрген азаматтар мұндай жақсы істі қуаттайтыны анық.

**Раушанбек СМАҒҰЛОВ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, еңбек ардагері.**
Жалағаш ауданы

# Ұстаз бейнесі ұмытылмайды

**Айдарбек Табынбаев 1942 жылы Қызыл Армия қатарына алынып, қатардағы жауынгерден взвод командирінің орынбасарлығына дейін көтерілген. Кіші офицерлерді дайындайтын курста Совет Одағының Батыры Александр Матросовпен бірге оқиды. 1943 жылы күзде ауыр жараланып, елге оралады. Сол кезден бастап ауыл мектебінде 40 жылға тарта ұстаздық қызмет атқарып, зейнет демалысына шыққан. I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені мен бірқатар медальмен марапатталған.**

Қазір соғыс және еңбек ардагері мен Батыр ана Орынкүл Мусақызының перзенттерінен тараған 150-ге тарта немере-шөбере еліміздің әр қиырында.

Ол табиғатынан ұстаз болып жаралған жан еді. Алғашқы ұстазым туралы естелік жазу маған оңай соқпады. Көз алдыма қазіргі Жанқожа батыр сол кездегі Қазақстанның 40 жылдығы атындағы шаруашылық, туған ауылымда орналасқан шағын мектебім, сол мектепке аттаған алғашқы қадамым, балалықтың бал кезеңі, ата-анам, өзім өскен ауылдағы тәлім-тәрбие берген ұстаздарым, тай-құлындай тебісіп бірге өскен құрдастарым, бәрі-бәрі тізбектеліп, күні кешегідей орала берді. Қым-қуыт тірлік пен жұмыста жүріп, кейде соның барлығын еске алуға уақыт жете бермейді екен-ау...

Ағай сұсты да салмақты адам еді. Алдында отырған оқушыларының оқыс қылықтарын байқай қоятын. Кейбір тентектеу балалардың мектепте не далада оқыстау ойнап, ожарлау сөйлегендері болса бәрін көріп, бәрін еститін. Ойлағаныңды біліп қояды. Айқайлап, ақырып-жекірмейтін, салмақтап сөйлеп-ақ сазайыңды беретін. Сондықтан оның алдына екінші рет кінәлі болып барудан сотқарлау балалар қаймығып жүретін.

Ағай математика сабағында ойын элементтерін шебер қолданатын. Сыныптастарымның да есінде шығар, ол уақытта Кеңес үкіметінің қызыл туының кішкене түрі дүкенде сатылатын. Арифметикадан есеп шығарғанда берілген тапсырманы өз бетінше кім алдымен шығарса, сол оқушыға барып туыңды тік дейтін. Қуана келіп, қызыл жалаушаны партамызға орналастыратынбыз. Тігілген туды әрі қарай желбіретіп, құлатып алмау үшін тапсырманы орындауға құлшына кірісетінбіз.

Одан кейін есімде қалған тағы бір жайт – елеуіш ойыны. Бес-алты оқушы тұрады да, көбейту кестесінен сұрақ қояды, сұраққа тез жауап бергендер тез орнына отырады, жауап бермесең тұра бересің, өз обалың өзіңе. Қазір оқыту барысында сол ойын элементтерін пайдалану – конструктивті оқытудың негізгі шарты. Баланы білім алуға ұмтылдыру, мотивация берудің көрінісі. Біздің ұстазымыз сол оқыту әдістерінің негізін қалаған мұғалімдердің бірі де бірегейі екен-ау...

Мектептің қоғамдық жұмыстарына белсене қатысатынбыз. Ағай ата-аналар жиналысына келген әкеме мені көрсетіп, «осы қызың түбінде мұғалім болады» дейтін. Ұстаздың көрегендігі шығар, бүгінгі күні ұстаздық жолда жүргеніме 35 жылдан астам уақыт өтіпті. Қаншама ұстаздан дәріс алдық, алдымыздан қаншама шәкірттер өтті. Мектеп бітірдік, университет бітіріп, аспирантурада оқыдым. Кандидаттық диссертация қорғадым, академиялық профессор атағын алдым. Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы университетте ширек ғасырдан астам абыройлы еңбек етіп келемін.

Оқушы білімінің іргетасы қалай қаланса, өміріндегі жолы солай болады. Бізді білім нәрімен сусындатып, саналы тәрбиесін бойымызға сіңіру жолында аянбай еңбек еткен, бар білгенін үйретуден жалықпаған ұстазымыз қазір арамызда жоқ. Жарық дүниеге әкелген, өмір нәрін сепкен ата-анамызға қалай қарыздар болсақ, жарқын өмірге жол сілтеген ұстаздарымызға да сондай қарыздармыз.

Егер әр адамның жүрегінде ізгілік сәулесі болса, ол – ұстаздың еңбегі. Сол нұрды жеткіншектің жүрегіне сіңіру үшін асыл ұстаз Айдарбек ағай қаншама тер төкті десеңізші!

**Клара ДӘРМАҒАМБЕТ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің академиялық профессоры, химия ғылымдарының кандидаты**

ЗОБАЛАҢ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

# Ақиқат айнымайды

**Бұл – «КарЛаг» тұтқыны болған Елубай қарттың көз жасы. Ол, арабша, орысша, парсыша, қазақша сауатты, қолтаңбасы өте көркем, көп білетін, шешілмейтін, от-жалыны ішінде, қайсар жан еді. Қос балдақты мұқтаж жанға аяр ғасыр сегіз жастан ар азабын арқалатты. Оның ауылдық кеңестің хатшысы ретінде адамдар есебі мен оған қатысты жағдаяттар жөніндегі қызметтік міндетін қызыл террор агенттік мақсатқа пайдаланды, мәжбүрледі. Бейбіт кезеңде де НКВД бақылауын құпия ұстады, зейнет жасына дейін байланыс бөлімшесінде басшылық қызмет атқарып, кейінірек молда болды. «Сен екі халық жауының немересісің, бәрінен хабарың бар ғой» деп маған сырын айтатын, сұхбаттасатын.**

Арына арыз айтып ақталмады, есесіне құрбандарға құран-хатым арнап өтті. Адамзаттан кешірім сұрап кетті. Өзі өмір сүрген ғасырдың соңғы жасын төгіп кетті ...

1999 жылдың 24 желтоқсаны. Ұзақ әңгімелестік. Оның ақселеудей селдіреген аппақ сақалын жас жуды. Біраз үнсіздікті терең күрсінген даусы бұзды: «Е, қарағым, бұл – ғасыр жасы...» деді.

Иә, бұл соңғы жүздесуіміз, ғасырдың соңғы күндерінің үзілген диологы, үздіккен сыры еді. Басына барып дұға бағыштадым. Алла алдыңнан жарылқасын. Ар алдындағы есебіңді жариялауды парыз санадым, қайран Елаға. «Қорқынышың мен қайғың» рухыңды тазалап кетті. Аристотельше айтсақ – «Катарсис».

Оны есіме алған сайын Мұзағаның (Мұзафар Әлімбаев): «Осыны мен неге жазбадым екен» дегізген жыр ұзақ жасайды» деген мағыналы сөздері ойыма орала береді.

***Балапан Даража Нәбиқызы***
*1955 жылдың 21 қарашасында Арал ауданында дүниеге келген. Мамандығы – заңгер, әл Фараби атындағы қазақ ұлттық университетін 1978 жылы бітірген. Республика заңгерлері «Жыл адамы» номинациясының лауреаты. Заң саласындағы үздіксіз 38 жыл еңбек жолында мемлекеттік қызметкер, адвокат, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы мекемелерінде заң қызметтерінің басшысы, департамент директоры, атқарушы директор лауазымдарын атқарған. Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, Т.Айбергенов атындағы әдеби сыйлықтың иегері. Халықаралық «Құрмет белгісі» орденімен, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Ерен еңбегі үшін», «Ұлт мақтанышы» («Бейбітшілік әлемі» (Планета мира-World of Peace), мұнай-газ және энергетика қауымдастығының «KAZENERGY» медальдарымен марапатталған. Баллада, поэма, өлең, әңгімелері, сұхбаттары баспасөздерде жарияланып тұрады. «Айсыз түнгі құс жолы» дастаны, «Ұлы дала рухы» кітабы жарық көрген.*

**ҒАСЫР ЖАСЫ**
*Поэма-реквием*

– Білемін оны, Елағам,
Жаныңда барын сүр қайғы.
Құпия сырлы бір адам,
Жүрегің үнсіз жылайды.
Жарасы сыздап сол жылдар,
Санадан сауға сұрайды.
«Әртүрлі айтып әр адам,
Қаңқудың басын құрайды», –
деп едім, отты жанарын,
Бұрышқа қадап мұңайды...

– Қарағым, дұрыс сауалың,
Ардың тарттым азабын.
НКВД берген тапсырма,
Себебі талай жазаның.
Сегіз жастан тұл жетім,
«Рамберліде» оқып, қонамын,
Бір аяқ, екі балдақпен,
Күндіз ағаш жонамын,
Түнделетіп шырақпен,
Ілімді оқып, жазамын.
Тәуелді болған сол өмір
Арқалатты, қайтейін...
Тас-ауыр жүгін наланың.
Қынабы қалың қасірет,
Шертеді күйін азаның.
Тар жолда тайғақ кешкендер,
Жазықсыз жапа шеккендер,
Моласыз өліп кеткендер,
Бітеу жара – соры болды мазаның...
– Шер, үрей, аза жалында,
Тілінген таспа жонында,
Қан теңделген қомында,
Керуені мынау ғасырдың,
Қайтпас сапар жолында.
Барады көшіп жылыстап,
Ақиқат арды жаныштап.
Қара өрім, қара бұрымды,
Тарих жатыр уыстап.
Сабырлы, сабу ұлтымды,
Рухтар қорғап, тұр ұстап.
Жүрекке салмақ бәрі де,
Қаламын кейде құрыстап...

– Сөгілген ғасыр сеңінен,
Жылдар да жылайды менімен.
Тәңірден талай сұрадым,
Таусылғанда шыдамым:
– Айыр деп жанды тәнімнен.
Ғасырға сауын айтамын,
Құтқар деп пақыр күнімнен.
Өзіңде туып, күн кештім,
Тағдырыңа мінгестім,
Ажалым жетпей мұңды естім,
Қураған сүйек кей кезде,
Түсіме кіріп, тілдестім.
Ынта жоқ өмір сүруге,
Ескегін есем келместің,
Кемесін тастап өлместің,
Қайта айналып келмеспін...

– Сырымды үктім, қарағым,
Тырнатып аузын жараның.
Адамзат, ұрпақ бәріңнен,
Кешірім сұрап барамын.
Таң асып тұрған ғасырдың,
Таңында мәңгі қаламын...
***
– Бір сұрағым, Елаға, «Қаратаздан»,
Қарақұрым тағдырын
қанмен жазған.
«Қызыл террор» кезінде елің босып,
Қараңғырге қан сіңіп, сүйек толған.
Ұрпақтарын білемін кейбірінің,
Үлкен террор «үштігі»
көзін жойған.

– Оны айтсам, қарағым,
дала боздар,
Күңіреніп қоңыр бел, шерін қозғар.
Тажалдың отауында тон пішкен-ді,
«Оқтау жұтқан қара сарт»,
қаратаздар.

58-ші бап деген айдаһардың,
Көмейіне жұтылды дарабоздар.
Жоқтау айтып ұшатын сол маңайдан,
Жылы жаққа қайтқанда
қоңыр қаздар...
***
... Ақселеу селдір сақалын,
Жабырқап қалған жамалын,
Жас жуып, сөгіп барады,
Таусылған төзім-амалын...

– Ей, ғасыр-мұндар,
сен тұлдаған,
тұяқсыз тұлдар,
өтеусіз құндар,
Жиырма бірге етпеші қардар,
Ұмытсын мені өкпесі барлар.
Қарамды батыр, өтінем,
Өзіңмен жазған пешенем,
Өзіңмен бітсін соңғы дем...
***
– Қиямет-қайым, сорды да,
көпті көрдің,
Мән-жайын, айтшы Елаға,
мешіттердің,
«Молданы айда, құранды өрте»
деген,
Бұйрығына не дейсіз жендеттердің?

– Мезгіл еді керігіп, кер кептеген,
Дінді апиын, хадисті індет деген,
Нұрымбет, Өтеп ишан мешіттерін,
Қиратуды «қызылдар» міндеттеген.
Меккеден әкелінген кітаптарды,
Көзін жойып, тезірек өртет деген.
Іліми жазбаны да, Құранды да,
Құнсыз заттай лақтырды
жендет деген.
Қызыл жалау желпінтіп,
жел көтерді,
Құл-құтанды қадірсіз дедектеген.

– Қарағым, айла ойладық,
амал нешік,
Түнделетіп үзіктің шетін кесіп,
Төрт қанардың жігіттер жібін есіп,
Орамдалып буылған кітаптарды,
Құмға көмдік таң ата, кебір кешіп.
399 кітапты атанға артып,
Аузына кергі салып, белін тартып,
Сыбыс-дыбыс білдірмей қараңғыда,
Жүріп кеттік үш жігіт түнді қарпып.
Топыраққа көмгенде аяттарды,
Түн түйілді, жұлдыздар
қайыр айтып.

– Имансыз, антұрғандар...
Біліксіз, жалтабандар...
Ертеңіне есітіп, біліп қойды,
Қамшы үйіріп тәніме, тірі сойды.
Істікпен түйреп алған Нұрнаманы,
Шімірікпей шеңгелге іліп қойды.
Құраным – көз нұрымды
қия алмадым,
Қалтырап, ызғар қарып өне бойды.
Қопарылған парақтар күбірлейді,
Құбылаға қаратып қара ойды.

Найзағайға тілініп бұлт жылады,
Буын босап тұяқты тұралады,
Тылсым дүние тінденіп
кетті ме екен...
Боздай алмай боз інген бошалады,
Боз даланың жұлынын
жел жұлқылап,
Құм суырып құба жон қақалады.

Жылдар өтті...
Сұмдық кетті...
Адамзат мойындады:
– рух кезеді, өлмейді, оралады.
Көктен түскен құдірет –
Құран кәрім,
Қасиетіңді зұлымдық жоя алмады.
***
... Жауапсыз тағы сұрақ тұр,
Елағаң үнсіз жылап тұр.
Саралап қойған санасын,
Ой-жадысы тұсап тұр.
Бұлт басқан құндақ кеудені,
Былғары бүрку шылап тұр.
Ғасыр тартқан тартпада,
Аяңның ақыры – үзік тұр.

... Айтылмай жауап, тоқтады сұрақ,
Жаутаңдап жанар, ұқтырды бірақ
Сыздағанын сыналы сүйек,
Қырқылғанын қыналы жүрек.
Қайтарып сауал қоя алмадым,
Тұрғанын көріп жанының жүдеп...
***
...Күн тұтылып, аспанда ай,
Ғасырды жасқап тас маңдай,
Көшін артып, керуенін,
Ұзатып салып жатқандай.
Торығып кешкен бір ғұмыр,
Ғасырмен перде жапқандай.
«Кешірші халқым» деп тұрды,
Бүлкілдеп тіл-жақ, сор-таңдай.
Елағаң жасы жиырманың,
Көбесін сөгіп аққандай...
***
... Ей, адамдар:
Шындық шыңда, ақиқат
шынарында,
Көк аспаны бұйырмай, азап торда,
Қайырлады қыран да, құладын да.
Жоғалғандар ...
Арулар, ағажандар ...
Арғымақ ақ армандар ...
Өксіген сәби жандар –
Елес-бейне замана мұнарында.
Сарыарқадан сарнаған аза дауысы –
Күңіренген қобыздың шанағында.
Жазғырмаңдар:
Ар өртеген тағдырлар бар,
Қым-қуыт, қуғын-сүргін сонарында.
Ақталмаған боздақтар бар,
Тұмшаланған тарих тұманында.
Ақтаңдақтар,
Қатқан дақ бар
Кешегі өткен жиырманың
ғасырында.
Біл, ұрпақтар...
Бақыт деген – Тәуелсіз ел барында.
Қасірет жасы, қайғы-мұң қайта
айналып,
Іркілмесін әлемнің жанарында!
Қарғыс атқан ОГПУ, НКВД,
Кездеспесін тіршілік сапарында!

– Ей, дүние – тақсыр,
Нақақты санадың ба?
Жатыр олар мәңгілік танабыңда,
Өзіңнен оздырғандар:
Жазықты, жазықсыз бар,
Опалы, опасыздар,
Бір бақидың бәрі де «шаһарында»,
Жас тамызып, қан төккен
қасапшылар,
Кәләм шәріп, бір Хақтың қаһарында,
Шырғалаңдар шырмауы
шешілмеген,
Сұрақ-жауап ғаламның назарында.

– Ей, құлын ғасыр,
Болмашы басыр,
Береке, бірлік болсын заманыңда,
Арымасын адамзат жаһанында?!

**Эпилог.** Сол кездесуден кейін бір ай өткенде Елағаң да ғасырмен бірге ақыретке аттанып кете барды. XX ғасыр, талайдың тағдырын тізбектеген қасірет шынжырын өзі сүйретіп кетті. Оның қан бүркілген тартпасы да үзілді. Оны жылдар бойы созғылап келген азаның бүркуі (аза бүрку) үзді. Қаралы керуені көшті. Қанды жас тамшылаған ізі қалды...

**Даража БАЛАПАН,**
**заңгер, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі**

---

**Қаржы саласының жұмысы күрделі де жауапты екені белгілі. Өйткені, ол – мемлекеттің, облыстың, қаланың, ауданның бюджетін құрауға, оның сапалы орындалуына тікелей жауап беретін сала. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Елбасының бастамасымен қабылданған «Қазақстан-2030» стратегиясының негізгі басымдығы ретінде экономикалық өсу міндеті тұрды.**

Sb **Биболат СӘТЖАН,**
**«Сыр бойы»**

# Қаржы саласының майталманы

1991 жылы ҚР «Салық жүйесі туралы» заңы қабылданды. Бұл кезең нарықтық экономикаға енді ғана бет бұрған кезең болатын яғни, өте күрделі кезең еді. Осы тұста аймақтың қаржы тайқазанына жауапты болған, ішкі мемлекеттік аудит департаментінде ұзақ уақыт қызмет еткен Сайлау Нұрсейітовтің еңбегі мен ұйымдастырушылық шеберлігін атап өткен жөн.

Ол Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары саласының бастаушылары қатарында оның дамуына өз білімімен, жинақтаған тәжірибесімен үлкен үлес қосып, жақсы ұйымдастырушы екенін көрсете білді. Сайлау Нұрсейітов 1959 жылы Алматы қаласындағы Орталық тұтынушылар одағының кооперативтік техникумын бітірген. Еңбек жолын облыстық тұтынушылар одағының мекемесінде бас есепші болып бастаған.

Сала ардагері қызметтегі алғашқы жылдары туралы: «1962 жылдың басында Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік облыстарын таратып «край» құрды. Орталығы Шымкент қаласы болды. Облыс орталығындағы әкімшілік таратылып, біраз қызметкерлер сонда ауысты, біразы жұмыссыз қалды. Осыған байланысты Сырдария ауданы таратылып, Тереңөзек ауданына қосылды, аудан орталығы Тереңөзек қыстағы болды. Біз аудандағы тұтынушылар одағына есеп беретін болдық.

Тасбөгеттен Тереңөзекке есеп-қисап тапсыру үшін жаяу-жалпы Қараөзектен паром арқылы өтіп баратынбыз. Ертең не ішеміз, отбасын қалай асыраймыз, ақша жинайық, келешек керек болар деген ой бізде болған емес. «Тапқанымыз – тамағымызға» деп, жүріп жаттық. Біреуден бірнәрсе алайық деген ой үш ұйықтасақ түсімізге кіріп те шыққан емес. Ата-анамыздың: «Таза жүр, ешкімнен ешнәрсе сұраушы болма. Біреуден сұраған ның қайыры болмайды» деген сөзі бойға сіңіп кеткен» деп жазған екен.

Жазбадан қаржыгер жай мамандық емесін аңғаруға болады. Бұл саланы игергендердің ішкі жан-дүниесі мен ойлау қабілеті бір арнаға тоғысуы керек. Себебі қаржыгер үшін әділдік ең бірінші орында тұруы тиіс. Ақшамен жұмыс істеу, өз кезегінде жауапкершілік пен белсенділікті талап етеді.

Сайлау Нұрсейітов 1972-1997 жылдары облыстық жолдар басқармасында, Сырдария ауданы Айдарлы кеңшарында бас есепші, Қаржы комитетінің аудандағы бас бақылаушы-тексерушісі, аудандық мемлекеттік сақтандыру мекемесінде, қаржы бөлімінде басшы қызметтерін абыроймен атқарды.

1997-2001 жылдары облыс бойынша қаржылық бақылау басқармасында аға бақылаушы-тексеруші болып еңбек етіп, зейнетке шықты. ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті облыс бойынша департаментінің құрметті ардагеріне Сырдария ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілген.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық өсуіне өлшеусіз үлес қосқан Сайлау Нұрсейітов 2020 жылы өмірден озды. Отбасында үлгілі әке, әулетке аға болған азамат жары Жансары Адыранқызымен үш перзент тәрбиелеп өсірді. Қазір ұлдары Нұрлан мен Рахымжан, қызы Айгүл де жауапты қызметтерде еңбек етіп, ел дамуына өз үлесін қосуда.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА!**
**УАҚЫТША ШЕКТЕУЛЕР ҚОЙЫЛДЫ**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2012 жылғы 3 маусымдағы №315 бұйрығына сәйкес ауа температурасы +25С градустан асқан кезеңде жол төсемі бөлігінің бұзылуын болдырмау мақсатында жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар М-32 «Самара-Шымкент» автожолының 1240-2057 шақырымына әрбір білікке түсетін жүктемесі 9 тоннадан артық, А-17 «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ» автожолының 12-216 шақырымына әрбір білікке түсетін жүктемесі 8 тоннадан артық автокөлік құралдарының қозғалысына **2021 жылдың 1 маусымынан 31 тамызы аралығында +25°С градустан асқан жағдайда сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін уақытша шектеу енгізіледі.**

Халықаралық жүк тасымалына, зардап шеккен адамдарға гуманитарлық көмек көрсететін, азық-түлік тасымалдайтын, сондай-ақ төтенше жағдайларды жоюға және алдын алу жөніндегі іс-шараларын жүзеге асыратын автомобильдерге шектеулер қойылмайды.

**«Қазақавтожол» ЖШС, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ**
**Қызылорда облыстық филиалдары**

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Қазақстан Халық Банк» АҚ Қызылорда облыстық филиалы 2021 жылдың 03 маусымында сағат 11.00-де Қызылорда облыстық филиалының, Қазыбек би 29 мекен-жайында орналасқан бөлімшесінде (ЦПС-1) күрделі жұмыстарын жүргізу бойынша ашық тендер өткізетінін хабарлайды.

Тендерлік құжаттар топтамасын 2021 жылдың 01 маусым қоса алғанда мерзімде мына мекен-жай бойынша: Қызылорда қаласы, К.Байсеитова көшесі 91 А, кабинет 505, сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін немесе nurbolnu2@halykbank.kz почта арқылы алуға болады.

Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2021 жылдың 02 маусым сағат 18.00-ге дейін. Тендерлік өтінімдерді ұсыну орны: Қызылорда қаласы, К.Байсеитова көшесі №91 А, каб 505, Әкімшілік-шаруашылық бөлімі.

Тендерлік өтінімдері бар конверттер тендерлік өтінім берген барлық өнім берушілердің қатысуымен келесі мекен-жайда ашылады: Қызылорда қаласы, К.Байсеитова көшесі 91 А, мәжіліс залы. Қосымша ақпарат пен анықтаманы келесі телефон (724)2-550099 немесе e-mail nurbolnu2@halykbank.kz арқылы алуға болады.

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Қызылординский завод композитных материалов» ЖШС ҚР-ның Экологиялық Кодексіне сәйкес «Қызылорда қаласындағы жылына 3000 тонна шыны талшығын өндіретін зауыт» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің» материалдарын талқылау үшін қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аталған нысандар бойынша ақпарат алуға және өз пікірін білдіруге барлық мүдделі азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге мүмкіндік беріледі.

Қоғамдық тыңдау өткізілетін уақыты мен орны: 2021 жыл 23 маусым, сағат 11:00. Қызылорда қаласы, Өндірістік аймақ, Шыны зауытының солтүстік беткейі.

Қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының өкілі Жолдасбекова Аружан, байланыс телефоны: 8 (7242) 605369.

Басқарманың ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау электронды поштасы: prd@korda.gov.kz.

Материалдардың электрондық нұсқасы https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=kk интернет ресурсында орналасқан.

Жобаның баспа түрімен танысуға болатын мекен-жай: Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі 95 үй, 302-кабинет.

Тапсырыс беруші: «Қызылординский завод композитных материалов» ЖШС.

Тапсырыс берушінің ескертулер мен ұсыныстарды қабылдайтын электронды поштасы: as.kz.or@mail.ru

Жобаны әзірлеуші: «EcoPrimeGroup» ЖШС, Абуова Гүлнұр.

Байланыс телефоны: 87029356387.

ТАНЫМ

# Ерекше сұхбат

**2014 жылы жазушы Пол Янгтың «Лашық» (орысша – «Хижина») шығармасын оқыдым. Романда табиғат аясында саяхатқа шыққан кейіпкердің кішкентай қызы жоғалып кетеді. Көп ұзамай оқиға орнына жақын қараусыз қалған лашықтан баланың кісі өлтірушінің құрбанына айналғанына дәлел табылады. Ол дәлел – Құдайдың өзі жазған хат. Баланың әкесі тағдыр неге оған осындай соққы бергенін, бұл қасіретке неге душар болғанын түсінуге тырысады. Сөйтіп қараусыз лашыққа қайта оралады. Онда Жаратушымен бар сауалға нүкте қоярлық ұзақ әңгіме басталады. Ең ақылға қонымсыз ойларға түскен адамның санасындағы түбегейлі өзгеріс туралы кітапты бір деммен оқып шықтым. Мен үшін батыс өркениетінің Құдай туралы көзқарасы қызық көрінген. Жалғыз жаратушы ұғымын діннен бөліп қарауға, діннің өзінің сыртына емес, ішкі, рухани мазмұнына мән беруге ұмтылыс байқалады.**

Sb Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»




Айта кетерлігі, мұнда сипатталған оқиға ой мен сөз кеңістігінде бұған дейін де болған. Француз жазушысы Сирилл Массаротто 2008 жылы «Құдай – менің досым» деген атпен дебюттік романын жарыққа шығарды. Қарапайым балабақша тәрбиешісі болып жұмыс жасайтын авторды бір күнде әлемге танытқан романның кейіпкеріне отызға толған шағында Құдайдың өзі келеді. Жай сөйлескісі келетінін айтады. Кейіпкер Құдаймен әр сейсенбі сайын жолығып, досымен сөйлескендей әңгімедүкен құрады. Құдай оған жеке өмірін реттеуге көмектеседі. Өз жарын табуға себепші болады. Сырын тыңдап, өмірдегі барлық қиындықтарда қолдау көрсетеді.

Кітаптың ең басты идеясы – Құдай барша азамзатпен бірге өмір сүретіні. Басқаша айтқанда, жер бетінде қанша ғұмыр болса, соның барлығын адам баласымен бірге жасайтыны. Қайғысы мен қуанышын бірге сезінетіні. Кейіпкер Құдайдан о дүниедегі өмір туралы көп сұрайды. Жарытып жауап ала алмайды. Құдай оған: «Демің тоқтаған соң саған бір ғана сұрақ қоямын» дейді. Ажалы жетіп, ақыреттік болған соң: «Өмірде жақсы мен жаманды, әділетсіздік пен зұлымдықты да көрдің. Енді сол өзің өткен жолға қарап тұрып бір сұрағыма жауап бер. Осының барлығын жалғастыру керек пе? Әлде жер бетіндегі тіршілік атаулыны тоқтатқан дұрыс па?» дейді.

Автор осылайша дүние адамның ниетіне сүйенетінін меңзейді. Жер шарының ауасыз көкте ілініп аман тұрғаны әзірге өмір өзімнен кейін де жалғассын деген жауаптың кейінгісінен көп болғанының арқасында екенін айтады. Ал азамзаттың мағынасыз тірлігі тоқтасын деушілер басым түскенде Жаратушы топан суын қаптатып, ақырзаман орнатпақ...

Екі шығармадағы ойды түйіндейтін тағы бір туынды – Перри Ленгтің «Құдаймен сұхбат» деп аталатын фильмі. Туынды біржақты көзқараспен жазылған жалықтыратын теология трактаты емес. Қай діннің өкілі болсаңыз да, өзіңізді агностик немесе атеист санасаңыз да, бұл фильм міндетті түрде «Біз кімбіз?», «Өмірге неге келдік?», «Өзімізден кейінгіге не қалдырамыз?» деген сауалдарды көлденең тартады.

Шынында да, Құдаймен әркайсымыздың күн сайынғы қарым-қатынасымыз қандай? Біз қиындықтарға кезіксек көктен белгі күткендей, құдіреті шексіз Құдайға үміт артамыз. Егер Ол адам кейпінде алдыңызға келіп, «Не сауал толғандырады? Бәріне жауап беремін» десе ше? Не деп сұрар едік?

Фильмде Ауған соғысына барған журналист Харпер Хиллге өзін Құдай деп таныстырған адам сұхбат береді. Қанды қақтығыстардан қаншама репортаж жасап, қантөгістерді көзімен көрген журналист ең әуелі: «Неліктен жақсы адамдар қасірет шегеді?» деп сұрайды. Адамда ерік бостандығы бар ма? Обал мен сауап, олардың ақыреттегі өтеуі қандай? Тағы қаншама сұрақтарына жауап алады.

Фильм Хаққа сенімнің үздіксіз процесс екенін ұғындырады. Оның күн сайын іспен дәлелдеуді қажет ететін, үнемі шыңдалуы керек екенін түсіндіреді. Әлемге Құдайдың көзімен қарау – миллиондаған адамның азабы мен қайғы-қасіреті. Сондықтан өмір өзіңе дейінгіні қайталау емесін түсінуіміз керек.

Әлемде зұлымдық, азап пен қайғылы жағдай әр минут сайын болып жатады. Бірақ ең өкініштісі, жұрт оны тек өз басына түскен кезде байқайды. Сондықтан ізгіліктің жеңіске жетуі үшін әр адам өзгеге қол ұшын созғаны жеткілікті демек. Ал Құдай ізгі амалдардың барлығында пендесіне жәрдемші болмақ.

SERGEK

# Қоржынында қола жүлде

**Тбилиси қаласында (Грузия) пара пауэрлифтингтен өтіп жатқан Әлем Кубогында Қазақстан құрама командасы сапында өнер көрсеткен жерлесіміз Кабира Асқарова 50 келіге дейінгі салмақта қола жүлде еншіледі.**

Кабира Кеңесбекқызы Токио-2021 Паралимпиада ойындарына лицензия алу үшін 19-24 маусым аралығында Дубай (БАӘ) қаласында өтетін халықаралық жарысқа қатысады.

К.Асқарова – пара пауэрлифтингтен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, бірнеше дүркін Қазақстан чемпионы, Пара Азия ойындарының қола жүлдегері. Қызылорда облысының мүгедектерге арналған спорт клубының спортшысы. Кабираның шеберлігін шыңдап келетін бапкері облыстың аға жаттықтырушысы Бақытбек Рысбаев.

# Рахат пен Айсамал Әлем чемпионатына қатысады

**21-31 мамыр аралығында Ташкент қаласында ауыр атлетикадан Әлем чемпионаты өтеді.**

20 жасқа дейінгі жастар арасындағы бәсекеде Қазақстан ұлттық құрамасы сапында жерлестеріміз, ҚР Халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Рахат Бекболат пен Айсамал Сансызбаева өнер көрсетеді.

Р.Бекболат 30 мамыр күні 102 келі салмақ дәрежесінде жарыс жолына шықса, А.Сансызбаева 31 мамыр күні 87 келіден жоғары салмақта ел намысын қорғайды.

Айта кетейік, өткен жылы Перудің Лима қаласында жасөспірімдер арасындағы Әлем кубогында қос спортшы жеңімпаз атанған болатын.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық және Ардагерлер кеңесі ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Қазақстан ұлттық құрамасының аға жаттықтырушысы Пак Вилорий Викторовичке ұлы

**Александр Пактың**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ – ЖАРИЯ

# Шабынған бураны шөктірген

**Нартай ағам – тұнып тұрған шежіре. Аты шыққан емші болса да, қатар отырғанда сені көтермелеп, дәрежеңді өз деңгейіне теңестіріп қояды. Айтушы мен тыңдаушының арасында ерекше ықылас қалыптастырып алып, сөз бастайды. Мына әңгімені сондай кездердің бірінде жазып алған едім.**

Sb Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Тұрсан әкем 1880 жылы дүниеге келген. Әкесі Нұрымбет приставта қызмет еткен. Қазіргіше айтсақ, полицияда жұмыс істеген.

Әрі сері, әрі палуан Тұрсанды Оспан би қасынан тастамай алып жүрген. Оспан – Сыр бойындағы ықпалды би, болыс болған кісілердің бірі Шоқайдың інісі. Ол кісі Түркістан мен Қазалы арасында ағасының билігін жүргізген. Оспан өте ірі адам болған. Көргендердің айтуында, көзінің аңғалаңы кеседей, отырғанда бойы керегеден жоғары тұратын еді деп суреттеледі. Анау-мынау ат салмағын көтере алмайтын болған соң түйе мінген. Оспанның дойыр қамшысы болған, осындай кісінің қолындағы қамшының қандай болатынын елестете бер. Қатты сілтегенде адамның беломыртқасын үзіп жібереді екен. Оның қамшының алдында мылтық ұстаған да, қылыш асынған да дәрменсіздік танытқан, талай билер айтатын уәжінен жаңылып, жортақтап кеткен. Оспанның дойыр қамшысы кешеге дейін ұрпақтарының қолында сақталып келді.

Сырдың үстімен әрі-бері өтіп, тонауға ұшыраған өзбек, түркімен керуендері Шоқайға келіп шағымданған. Шоқай бұл істі Оспанға, Оспан Тұрсанға тапсырып, сондай мәселелерді әділдікпен шешіп отырған.

Кеңес өкіметі орнағанда әкем колхозға кірмеген. Аңшылықпен айналысып, Қаратауда қақпан салған. Киік ұстап, қасқыр алған.

Соғыстан бұрынғы жылдардың бірінде далада жүрген әкем бір топ орыстармен кездесіпті. Жер жағдайын зерттеп жүрген экспедиция болса керек. Орыстар әкеммен сөйлесе келе оның жөні дұрыс адам екеніне көз жеткізіп, жұмысқа алып, айлық төлепті. Оларға да жер жайын білетін, жөн сілтейтін адам керек болған. Ақырында әкем Рыскүл әжемді де жанына алып, құрамалы үйімен бірге экспедицияға еріп көшіп жүрген. Мен Рыскүл шешемді әже деймін. Ол кісі он бес жылдай бала көтермеген. Орыстар қатыныңды таста дейтін көрінеді. Әкемнің осы әңгімесін естігенде «орыс жаман болады екен ғой» дегенмін. «Жоқ, – деді әкем, – орыс жақсы, әжең олардың тамағын жемей, қалғанын төгіп тастайтын. Олай ететіні тамағында шошқаның еті бар деп ойлайтынбыз. Олардың «әженді таста» дейтіні осыған байланысты айтылған бір сөз». Әкем орысты неге жақсы демейді, айдалада жүрген жерінен жұмыс беріп, айлық төлеп, өміріне жаңалық қосқан адам жаман бола ма? Қой баққан жылдары әкемнің скважина қазып жүрген орыстарды үйге шақырып алып, мал сойып, қонақ қылғанын талай мәрте көрдім.

Рыскүл әжем кейін құрсақ көтеріп – Құрманғали, Құрбанкүл, Маханбетқали, Маханбетәли атты үш ұл, бір қызды дүниеге әкелген.

Алпысыншы жылдары әкем «1 Май» совхозының №1 фермасының қойын бағатын кіші баласы Әлжанмен бірге Сарысуға көшіп, өз алдына үй тігіп отырған. Біздің әулетте Маханбетәли ағамыз Әлжан аталып кеткен.

Мен шынында әкемнің ортаншысы, Сыр елінің бас ақыны атанған Маханбетқалидың баласымын. Тұрсан әкем бауырына салып өсірген мен бұл сөзді ешқашан айтқан емеспін.

Әкем мені бес жасымда атқа мінгізіп, аяғымды үзеңгіге байлап, аттың сауырынан бір ұрып желдіртіп жіберген. Анандай жерден аттың басын бұрып, қайта келгенімде «міне, жігіт болды деген осы» деп көтеріп алған.

Мен «1 Майдағы» Ордженикидзе атындағы мектепте оқыдым. Жазғы каникулға сағынып жетемін де, қатынаған машинаға ілесіп Сарысуға тартамын.

Әкем он үш жасымда 32-ші калибрлі мылтық әперді. Жұрт мұнысы несі деп шошынып қалыпты. Сонда әкем: «Он үште отау иесі, бір мылтық ұстай алмайтын менің балам кімнен кем», – депті жайбарақат қана. Бұл әкемнің мені батыл болып өссін дегені әрі маған сенім артқаны еді.

Әкемнің естіген жұрт таңғалатын хикаялары көп. Соның бірін айтайын.

Бураны білетін шығарсың, бура – айыр түйенің жыныс қуаты жетілген еркегі. Жараған бура күйті келгенде бір ай оттамайды, су да ішпейді. Қыстың басы мен көктем арасында келеге түседі. Шабынған бура аузынан ақ көбік шашып, тісін қайрап сықырлатады. Артқы тірсегін бүгіңкіреп аяғын талтайтып, бөксесін шөмейтіп, кеудесін көтеріп, құйрығымен тақымының арасын ерсілі-қарсылы сабалап, айбат шегеді. Дәл осы қалыптағы жараған кезінде көш жерден салт аттыны қуып, адамға түседі. Жараған кезде бураға кісен салады, тым қауіптілеріне тұмылдырық кигізіледі.

«Ащықұдық» деген жерде қыстауда отырғанбыз. Бірде әкем шабынып келе жатқан бураға «Әсс, сені ме!» деп қолындағы таяғын жіберіп қалды. Таяқ оның тірсегіне барып тарс етті де, бура жығылып түсті. Әкем оған да болмай, жанына жақын барып қамшысын бір сілтеп еді, бура ботадай тайраңдап қашты. Жынынан айрылған бақсыдай болды. Ал, енді осындай қара күшіне мініп тұрған бураға қарсы келуге кімнің батылы барар еді. Мұның мынадай себебі бар деп ойлаймын. Әкем – аруақты адам. Оның аруағы бураның көзіне өзінен де қайратты бір жануар күйінде көрінетін шығар. Естушіге ертек дерсің, бірақ осы оқиғаларға өзім куә болғанмын.

Әкем жылқыларының ішінен 5-6 атты бөлек ұстайтын, жауға мінетіндей немесе бәйгеге салатындай баптайды. Сол жануарлар әкемді бір-екі күн көрмей қалса, еліріп тұрады. Ал, алыстан иесін байқап қалса, аяқтарын қазықтай қаға тастап, бырылдап келіп, тұмсықтарын әкемнің қолтығына тығатын. Мал да басегесін таңдап бітеді екен. Әкем – малды кісі. Түйе, жылқыдан бөлек екі жүздің үстінде жеке қойымыз болатын. Бізден басқа да бақуатты тұратын қойшылар көп. «1 Майдың» шопаны Айша Меңлібаева Социалистік Еңбек Ері атанды. Дүйсен, Нұр, Дәкенбай, Көпешбай, Мәделхан деген шопандардың аты дүркіреп тұрды. Қоңыртөбе деген жерде Нұрдың скважинасы болды, жұрт солай атайтын. Ол кісі сол жерді жайқалған бау-бақшаға айналдырды. Нұрдың қауыны Сырдың қауынынан бұрын піседі. Ең бірінші шыққан қауынын Нұр үш аяқты мотоцикліне тиеп, әкеме әкеледі. «Жеткен де бар, жетпеген де бар» деп, әкемнің батасын алады

Сарысудың бір бетінде «1 Май» совхозы, екінші бетінде «Отызжылдық», «Тартоғай» совхоздарының қойшылары жайлайтын. Сол қойшы ауылдардан біздің үйге 4-5 атты кісі жиі келіп тұратын. Қона жатып кетеді, әкем олар келген сайын мал сойғызады. Қымыз ішіп, баптанып өткен замандардың әңгімесін шертеді. Ат байлау, қолға су құю, ет турау деген сияқты қазақтың қонақ күту әдебін сол кезде үйрендік. Сол шалдар 5-6 сағаттап молдасын құрып отыратын, белдері ауырып бүгілмейді.

Әкем маған біреудің үйіне барсаң сырттан дыбыс шығар деп, қамшысын етігіне сарт еткізіп көрсететін. Дүздегі адамға бірінші болып қол созба, бұйымтайыңды бірден айтпа, атпен адамға тақап барма дегендей ырым-тыйымдарды да жиі айтатын. Ол кісі әдепсіздікке, әділетсіздікке төзбейтін. Бірде әлдебіреу жылқысын қуалап, үйдің үстінен тапырлата өтіпті. Әкем белдеуде байлаулы тұрған атына міне сала қуып жетіп, әлгіні сүйрелеп әкеліп, басын табалдырыққа ұрыпты.

Сарысуда «Мортық» деген шоқат-шоқат құмды жер бар. 1976 жылы май айында, осы жерде әкем ат үстінде жүріп құлапты. Мен ол кезде оныншы класты бітіріп жатқанмын. Сөйтіп, әкем 96 жасында үлкен баласы Құрманғалидың үйінде жатып қайтыс болды.

Ешқашан тізесі бүгіліп, белі сыздамаған, бетін әжім басып, тісіне құрт түспеген, жаман сөз айтпаған, жамандық іс қылмаған, шабынған бураны шөктірген, жанын ел-жұртының ықылас-алғысына бөктірген асыл әкем қазақ айтатындай «жүз жылда бір туатын» осындай кісі еді.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 27680 Тапсырыс №741 | Кезекші редактор **Ержан ҚОЖАС**